



Kingdom of the Netherlands



**KONRAD
ADENAUER
STIFTUNG**

«Журналистің құқықтық анықтамалығы» - бұл құқықтық, ақпараттық және желілік қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық, сонымен бірге пайдалы байланыстар базасы.

Нұсқаулықта ақпаратқа қол жеткізу, диффамация, авторлық құқық, өшпенділік тілін реттеу, медиадағы жарнама, құпиялар мен сырлар және көптеген өзге жайттарға байланысты құқықтық нормалар қамтылған. Мұнда сіз өзіңізді сотта қалай ұстау керектігін, қай кезде видео түсіруге тыйым салынатынын, БАҚ-ты қалай дұрыс тіркеуді және құқықтарыңыз бұзылғанда не істеу керектігін біле аласыз.

Редакция алқасы - «Құқықтық медиа орталығы» ҚҚ қызметкерлері.

Анықтамалықтың мобильді нұсқасы Қазақстандағы Нидерланды Корольдігі елшілігінің қолдауымен әзірленді.

Баспа нұсқасы Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың қолдауымен әзірленді.

Бұл жарияланым авторлардың көзқарасын білдіреді және міндетті түрде Конрад Аденауэр атындағы Қордың көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

УДК 070:34
ББК 76.01:67
Ж89

ОФ "Правовой медиа-центр"
«Журналистің құқықтық анықтамалығы»
ISBN 978-601-06-8461-4

ISBN 978-601-06-8461-4



9|786010|684614|

МАЗМҰНЫ

1. ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ...	4
2. БАҚ ТІРКЕУ	18
3. АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ	26
4. ҚҰПИЯ ЖӘНЕ СЫР	36
5. ФОТО ЖӘНЕ ВИДЕО ТҮСІРІЛІМ	56
6. СОТ ПРОЦЕСІН ЖАРИЯЛАУ	64
7. ДИФФАМАЦИЯ	72
8. БҰҒАТТАУ	84
9. ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ	92
10. БАЛАЛАР - МЕДИАДА	100
11. АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ	104
12. МЕДИАДАҒЫ ЖАРНАМА	112

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ





ЖУРНАЛИСТ МӘРТЕБЕСІ

Заң бойынша (бұқаралық ақпарат құралы өкілі) - еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарламалар мен материалдар жинау, оларды өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

ЖУРНАЛИСТ ҚҰҚЫҚТАРЫ

1 Ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға құқығы бар;

ҚР Конституциясының 20-бабы заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат алуға және таратуға құқығына кепіл береді. Осы бапта мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленетіні көрсетілген.

БАҚ туралы заңның 2-бабында сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілетіні айтылған. Цензураға тыйым салынады.

Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Ақпаратқа қол жеткізу процедурасы БАҚ туралы Заңда көрсетілген (толығырақ «Ақпаратқа қол жеткізу»).

2 Мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға құқығы бар;

3 Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, соның ішінде оларды дыбыс-бейне техникасын, кино-фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға құқығы бар;

БАҚ келесі жағдайларда бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейтінін есте сақтаған жөн:

РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ

1) егер осы адам ойын-сауық мәдени-бұқаралық, мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар, спорттық-бұқаралық іс-шараларда, бейбіт жиналыстарда және өзге де жария іс-шараларда болса немесе оларға қатысса;

2) егер таратылатын ақпаратта адамның бет-бейнесі және осы адамның қызметтік жұмысымен және (немесе) жария қызметімен байланысты мәліметтер қамтылса, сондай-ақ оны адамның өзі, оның заңды өкілі немесе уәкілетті тұлға қолжетімділігі шектелмеген көздерде жарияласа;

3) егер бейнеленетін адамды пайдалану конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылатын болса, бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейді. (толығырақ «Фото, видео түсірілім»)

Бірқатар жағдайда түсірілім жұмыстарына тыйым салынады (сот процестерін жариялау, ғимарат ішіндегі режимді нысандарда және т.б. түсірілім жүргізгенде) (толығырақ «Сот процестерін жариялау», «Видео, фототүсірілім»)

4 Журналист куәлігін, айырым белгісін көрсету арқылы дүлей зілзалалар ауданында, бейбіт жиналыстарда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделерді білдірудің өзге де нысандары кезінде болуға;

Журналист куәлігін көрсету арқылы дүлей зілзалалар ауданында, бейбіт жиналыстарда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделерді білдірудің өзге де нысандары кезінде болуға құқығы бар. Өзімен бірге журналист куәлігі мен жеке басын куәландыратын құжаты болғаны жөн.

Митингке бару және оны баспасөзде жариялау үшін аккредитация немесе билі органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, полиция немесе ұйымдастырушылармен алдын ала келісудің **ҚАЖЕТІ ЖОҚ**.

Егер сізден түсіру жұмыстарын тоқтатуды талап етсе?



Есіңізде болсын, журналист митинг қатысушыларын, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін полиция органдары қызметкерлерін суретке түсіруге құқығы бар. (БАҚ туралы Заңның 14-бабы). Митингтерді жариялайтын кезде мүмкіндігінше өзіңіздің журналист екеніңізді ерекшелеуге тырысыңыз (жазбасы бар билет киюіңіз мүмкін).



Егер сізге кәсіби қызметіңізді жүзеге асыруға кедергі жасайтын болса, мұндай кедергінің өрескел заң бұзушылық екенін және ол үшін қылмыстық жауапкершілік болатынын біліп жүріңіз. Ол үшін бұзушылықты фиксациялау және құқық қорға уорғандарына арыз жазу керек (толығырақ «Құжаттар үлгілері»).

5 Құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда, олармен танысуға рұқсат алуға құқығы бар;

Мемлекеттік құпиялар - таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздістірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер.

«Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңның 17-бабында құпияландыруға жатпайтын мәліметтер тізімі келтірілген. Олардың қатарында:

- азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдарлары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдарлары туралы;
- экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;
- азаматтар мен ұйымдарға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар және жеңілдіктер туралы;
- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзу фактілері туралы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшерлері туралы;
- мемлекеттік органдардың және ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы;
- осы Заңның 14-бабында көзделген мәліметтерді қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі мәліметтер құпияландырылмауға тиіс.

Қандай ақпараттың мемлекеттік құпияларға жатқызылғанын білу үшін тиісті органға жазбаша сұраным жолдау керек (**толығырақ «Құпиялар мен сырлар»**).

МАҢЫЗДЫ!

Мемлекеттік құпиялары бар мәліметтерді құжаттарды ұрлау, мемлекеттік құпияға иелік ететін адамдарды немесе олардың жақындарын сатып алу немесе қорқыту арқылы алу, байланыс құралдарын тыңдау, компьютерлік жүйеге немесе желіге заңсыз ену, арнайы техникалық құралдарды, сонымен бірге заңсыз пайдалану арқылы жинағаны үшін ққылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

6 Алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге құқығы бар;

Алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеру керек, өйткені дұрыс емес ақпаратты таратқаны үшін журналист жауапкершілік арқалайды.

7 Алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге құқығы бар;

Түсініктеме немесе пікір үшін маманға жолығу жеке немесе заңды тұлғаның ар-намыс және іскерлік беделіне қатысты талап арыз беруіне, сондай-ақ жала жабу бабы бойынша арызға байланысты мәселелерді болдырмауға септігін тигізеді. (толығырақ «Диффамация»)

8 Өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;

Азаматтық кодекс азаматтың өз есімі мен тегі арқылы құқықтар мен міндеттерге ие болып, жүзеге асыра алатынын қарастырады. Осы бапта есімін өзгерткен жағдайда бұрынғы есімі, жасырын немесе бүркеншік есімімен алған құқықтары мен міндеттерін тоқтатуға немесе өзгертуге негіз бола алмайтынын көрсетілген.

Осылайша, өзі дайындаған материалға қолын қою немесе бүркеншік есім пайдалану - журналистің құқығы. Алайда, егер сот дауы туындаса, лақап есім қолдану мәліметтер жала болып танылған жағдайда, журналист жауапкершіліктен құтыла алмайды.

ЖУРНАЛИСТ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 9** Материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға;

Дайындалған материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналист өз пікірін білдіре алады. Егер, журналист редактордың түзетуінен кейін келіспесе, материалдың астына өз есімін қоюдан бас тарта алады.

- 10** Авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар.

Журналистердің ақпарат көздерін – журналистік құпияны қорғауы – ҚР Конституциясының 20-бабында көзделген сөз бостандығына маңызды кепіл болып саналады. Тек естеріңізде болсын, егер сот талап етсе, сіз ақпарат көзі туралы міндетті түрде хабарлайсыз.



ЖУРНАЛИСТІҢ МІНДЕТТЕРІ

1

ҚР заңдарын басшылыққа ала отырып, өзі шарттық қатынастарда тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға міндетті;

Редакциядағы қызметін реттеу үшін журналистің өзі жұмыс істейтін БАҚ-пен тиісті келісімшарты болуы керек.

2

Таратылатын ақпараттың анықтығын тиісті жеке және (немесе) заңды тұлғаларға сұрау салулар жіберу арқылы не ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен тексеру жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті;

Журналист тарататын ақпараттың дұрыстығын тексеру керек, өйткені дұрыс емес ақпарат таралса, журналист те жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Тексеру үшін сіз ақпарат көзіне сұраным жолдауға немесе пікір мен түсініктеме және т.б. үшін хабарласуыңызға болады (толығырақ «Ақпаратқа қол жеткізу»).

3

Шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға міндетті;

Журналистің шындыққа сай келмейтін ақпаратты таратуы даулы жағдай мен сот талқылауына себеп болуы мүмкін. ҚР АҚ 143-бабына сәйкес, егер таратқан адам ақпараттың шындыққа жанасатынын дәлелдей алмаса, азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы. Сондықтан журналисте өз материалдарын жариялаған кезде дәлелдемелер, тиісті құжаттар, жазбалар, фотолар және т.б. болуы керек.

ЖУРНАЛИСТІҢ МІНДЕТТЕРІ

Оның үстіне, арызданушы сотқа ҚР ҚК 130-бабы бойынша (ар-намыс, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату), сонымен бірге, ҚР ҚК 131-бабы (яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту) бойынша жеке шағыммен жолыға алады (**толығырақ «Диффамация»**).

МАҢЫЗДЫ!

Әрдайым бірнеше дереккөзбен жұмыс істеңіз.

Даулы материалдар бойынша дәлелдемелер жинаңыз және сақтаңыз, өйткені, ар-намыс және қадір-қасиет жөнінде істер бойынша талап мерзімі жоқ.

Жарияламас бұрын даулы материалды тексеруге беріңіз.

Егер сізге сотқа дейінгі шағым немесе сот талап арызы түссе, дереу көмекке заңгерге немесе адвокатқа жолығыңыз.

4 Ақпарат берген адамдардың олардың авторлығын көрсету жөніндегі өтініштерін қанағаттандыруға міндеттісіз;

Егер сізге авторлықты көрсету жөнінде өтінішпен жолықса, сіз оны орындауға міндеттісіз. Егер материал сот талқылауында қаралатын болса, онда жауапкершілікті ақпаратты берген адамға ауыстыруға мүмкіндік береді.

5 Егер мәліметтер ресми хабарларда көрсетілген және (немесе) оларды жеке және (немесе) заңды тұлғаның өзі не олардың өкілдері қолжетімділігі шектелмеген дереккөздерде таратқан жағдайларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғадан не олардың өкілдерінен бұқаралық ақпарат құралында жеке басының, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды таратуға келісімін алуға міндетті;

Заңда келісімді қандай формада – жазбаша, ауызша, электронды құжат түрінде алу керектігі айтылмаған. Келісім алудың ең қауіпсіз

ЖУРНАЛИСТІҢ МІНДЕТТЕРІ

формасы – ауызша түрде алу. Егер мәлімет ресми құжаттарда болса және (немесе) жеке және (немесе) заңды тұлға не олардың өкілдері шектеу қойылмаған ақпарат көздерінде таратқан болса, келісім қажет емес (**толығырақ «Құпиялар мен сырлар»**).

6 Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге міндетті;

Жеке тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделеріне жеке өміріне қолсұғылмаушылық, соның ішінде хат жазысу, телефонмен әңгімелесу, күнделік, заметка, хат, интимді өмір, бала асырап алу, бала туу, дәрігерлік, адвокаттық құпиялар, банктік салымдар құпиясы, асырап алушының еркіне қарамастан бала асырап алу құпиясы, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпиялар, жеке бейнеге құқық, бала құқығы жатады. Заңды тұлғалардың құқықтарына коммерциялық құпия, іскерлік беделді қорғау құпиясы, т.б. кіреді.

7 ҚР заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Мысалы, кәмелетке толмағандардың құқықтарын жариялау, сотқа дейінгі реттеу процедураларын пайдалану және т.б.



АККРЕДИТАЦИЯ

Бұл мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және ұйымның журналисті тағайындау және құзырын мойындау процедурасы. Оның мақсаты - тізбектелген ұйымдардың қызметі туралы қоғамды кеңінен және шұғыл ақпараттандыру.

АККРЕДИТАЦИЯ БІР ЖЫЛДАН КЕМ ЕМЕС МЕРЗІМГЕ БЕРІЛЕДІ.

Аккредитация алу үшін келесі құжаттарды тіркей отырып, өтініш беру керек:

- аккредиттелетін журналистің жеке куәлігінің көшірмесі;
- мерзімді баспасөз басылымды немесе ақпараттық агенттікті немесе теле-, радиоарнаны есепке қою жөніндегі құзырлы орган берген куәліктің көшірмесі.

Егер өтініш БАҚ өкілі атынан берілсе, өтінішке құжаттардан өзге журналисті аккредиттеу процедурасын жүргізуге басылым меншік иесінің сенімхаты тіркеледі.

Өтінішті қарау мерзімі құжаттар келіп түскеннен бастап үш жұмыс күнін құрайды.

Егер өтінішті интернет-ресурстың меншік иесі беретін болса,

өтінішке құжаттардан өзге, интернет-ресурсқа меншік құқығын растайтын құжат қоса тіркелуі керек.

Жабық шара өткізу туралы шешім қабылданған жағдайларды қоспағанда, аккредиттелген журналистің өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар өткізетін отырыстарға, кеңестерге және басқа да шараларға қатысуға құқығы бар.

Уақытша аккредиттеу журналистке нақты редакция тапсырмасын орындауға қажетті мерзімге, немесе тұрақты аккредиттелген журналист ауырған, демалысқа, іссапарға немесе нақты шараны жариялауға кеткен жағдайда алмастыруға беріледі.

Ережелерге сәйкес, қатысушылардың шараның тақырыбын, уақытша регламентті, сонымен бірге қоғамдық тәртіпті сақтау жүргізушімен жүзеге асырылады.

Аккредиттейтін ұйым келесі жағдайларда аккредиттеуден бас тартуы мүмкін:

- 1) ережелерде көзделген құжаттарды тапсырмаған жағдайда;
- 2) БАҚ-тың өнім таратуы немесе бұқаралық ақпарат құралының хабар шығаруын тоқтату немесе доғару жөнінде сот шешімімен заңды күшіне енген жағдайда;
- 3) мерзімді баспасөз құралының, ақпарат агенттігінің, интернет-ресурстың құзырлы орган есеп жүргізетін реестрде болмауы.

Журналист келесі жағдайларда аккредитациядан айырылуы мүмкін:

- Аккредиттеу ережесін бұзу,
- Аккредиттеген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін шындыққа жанаспайтын мәліметтерді тарату.

МАҢЫЗДЫ!

Журналистерде аккредитацияның болмауы ашық шараларға қатыстырмауға негіз бола алмайды.

ЖУРНАЛИСТІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРУ

Журналистің кәсіби қызметіне кедергі келтіру - «журналисті ақпаратты таратуға не таратудан бас тартуға мәжбүрлеу жолымен, сол сияқты журналистің заңды кәсіптік қызметін орындауына кедергі жасайтын не оны осындай мүмкіндіктен толық айыратын жағдай туғызу жолымен оның заңды кәсіптік қызметіне кедергі жасау».

Сонымен бірге, кедергі келтіруге адамның өз қызмет бабын пайдалана отырып, зорлық-зомбылық немесе қорқыту, немесе мүлкіне зиян келтіру не жою жолымен заңға қайшы әрекет жасау жатады.

Журналистің кәсіби қызметіне кедергі келтіру ҚР ҚК 158-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға жатады. Іс қозғату үшін заң бұзушылықты тіркеп және құқық қорғау органдарына арыз жаза аласыз (толығырақ «Құжаттар үлгілері»).



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКС

158-бап. Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰПИЯЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢ

17-бап. Құпияландыруға жатпайтын мәліметтер.

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

1-бап. Осы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар.

20-бап. Журналистің құқытары.

21-бап. Журналистің міндеттері.

22-бап. Журналистерді аккредиттеу.

25-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылдың 21 маусымындағы № 138 Журналистерді аккредиттеу ережелерін бекіту туралы Бұйрығы (11.03.2021 ж. өзгертулерімен)



БАҚ ТІРКЕУ





ГАЗЕТ, ЖУРНАЛ, ЖЕЛІЛІК БАСЫЛЫМ, АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ

Қазақстанда БАҚ-ты тіркеу – өте қарапайым процесс. Ол үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелсеңіз немесе заңды тұлғаңыз болса жеткілікті.

Сіздің болашақ БАҚ сипаттамасын анықтаңыз: атауы мен тақырыптық бағытын; шығу жиілігі мен таралу аумағын; басылым мен тарату тілін; редакцияны кім басқаратынын және қайда орналасатынын анықтап алыңыз.

Ең жылдам және қарапайым жолы – БАҚ-ты «Электронды үкімет» порталында есепке қою:

- сілтеме бойынша өтініш толтырыңыз https://egov.kz/cms/ru/services/mass_media/pass467_aci,
- алым төлегеніңізді растайтын түбіртеккі қоса тіркеңіз (5 АЕК, балалар мен ғылыми тақырып болса – 2 АЕК),
- электронды қолыңызды қойыңыз және жөнелтіңіз,
- 10 жұмыс күнін күтіңіз және БАҚ-ты есепке алу немесе есепке алудан бас тарту жөнінде куәлік аласыз.

Газет немесе журнал шығаруды үш ай ішінде бастап кетуіңіз керек, ал желілік басылым мен ақпарат агенттігі жұмысын – БАҚ-ты есепке алу жөнінде куәлік алғаннан кейін алты ай ішінде бастап кету керек.

Сіздің БАҚ-тың атауымен аттас БАҚ бар болуы, алым төлеуді немесе түбіртегін жіберуді ұмытуыңыз, өтініште толық ақпаратты көрсетпеуіңіз БАҚ-ты есепке қоюдан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

БАҚ-ты есепке қоюдан бас тарту себебімен келіспесеңіз, онда мемлекеттік органның әрекеті немесе әрекетсіздігіне шағымдандуыңызға болады.

ТЕЛЕАРНА НЕМЕСЕ РАДИОТОЛҚЫН

Ең жылдам және қарапайым жолы – БАҚ-ты «Электронды үкімет» порталында есепке қою:

- **Өтінішті мына сілтеме бойынша толтырыңыз https://egov.kz/cms/ru/services/accreditation/pass466_aci,**
- **алым төлегеніңізді растайтын түбіртеккі тіркеңіз (5 АЕК),**
- **таралатын немесе қайта таралатын теле-, радиобағдарламаларды алты ай көлеміндегі жазу және сақтау міндеттемелерін мойныңызға аласыз,**
- **телеарна мен радиотолқын меншік иесінің бөлек есігі бар фирмаларға және алаңға, соның ішінде, телерадиохабар тарату қызметіне қажетті техникалық жабдықтарды орналастыру және қолдану үшін арнайы орынға, шығармашылық (редакциялық) адамдары үшін орынға, әкімшілік-басқару адамдары үшін орынға мүліктік немесе оны жалға алу құқығының болуы туралы мәліметтер үлгісі,**
- **электронды қолыңызды қойыңыз және жөнелтіңіз,**
- **10 жұмыс күнін күтіңіз және БАҚ-ты есепке алу немесе есепке алудан бас тарту жөнінде куәлік аласыз.**

Алты ай көлемінде хабар таратуды бастап кетіңіз керек.


Егер сіздің БАҚ-ты есепке алудан бас тартса, онда келесі себептер болуы мүмкін: сіздің БАҚ-тың атауымен аттас БАҚ бар болса, сіз алым төлеуді немесе түбіртегін жіберуді ұмытсаңыз, өтініште толық ақпаратты көрсетпесеңіз.

ШЕТЕЛДІК БАСПА ҚҰРАЛЫ

Мұндай есепке алу процедурасы тек қазақстандық БАҚ-қа ғана емес, сонымен бірге, ел аумағында жұмыс істейтін шетелдік медиаға да қолданылады. Шетелдік телеарна мен радиоарна үшін есепке алу процедурасы шетелдік баспа БАҚ-ты есепке алу процедурасына қарағанда, әлдеқайда жеңіл.

Біріншіден, қызмет «Электронды үкімет» порталында онлайн қолжетімді, екіншіден ол тегін. Оған шетел газеттерін таратушылар мен журналистер тапсырыс жасай алады https://egov.kz/cms/ru/services/mass_media/pass41_mic.

Қажет құжаттар – шетелдік БАҚ бойынша негізгі мәліметтер көрсетілген өтініш пен осы өтінішпен жолыққан адамның құжаты. Қарау уақыты - 10 жұмыс күні.



ШЕТЕЛДІК ТЕЛЕ НЕМЕСЕ РАДИОАРНА

Заңнама Қазақстан аумағында шетелдік телерадиокомпанияның өкілдігі мен филиалын тіркеуді қажет етеді. Тек осыдан кейін ғана сіз оны есепке қоя аласыз. Ол үшін арнайы үлгіде өтініш беру керек: https://egov.kz/cms/ru/services/approval_documents/pass_642_mint, қосымша құжаттар тізімі:

- **жеке тұлғалар үшін – теле-радиоарнаның меншік иесі шетелдік жеке тұлғасының жеке басын анықтайтын төлқұжат пен өзге құжатының көшірмесі, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат беретін құжаттың қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;**
- **заңды тұлғалар үшін – сауда реестрінен алынған заңдастырылған жазба немесе шет мемлекеттің заңнамасы бойынша құрылтайшысы шет мемлекеттің заңды тұлғасы болып табылатынын куәландыратын заңды құжат;**
- **теле-, радиоарнаны есепке қою үшін бюджетке алым төлегенінен растайтын құжат;**
- **заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы ҚР заңнамаларымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені немесе шетел заңды тұлғаларының ҚР аумағында филиалының (өкілдігінің) есептік тіркелгені туралы анықтама.**

Шетел теле, радиоарнасын есепке қою туралы өтініштің қаралу мерзімі – 15 жұмыс күні, және шешім шығарылғанға дейін контентке сараптама жүргізіледі, ал егер арна діни бағытта болса – міндетті діни сараптама жүргізіледі.

БАҚ-ТЫ ҚАЙТА ЕСЕПKE АЛУ

Егер сіз өзіңіздің БАҚ-ты сату немесе беру туралы шешім қабылдасаңыз, сізге БАҚ-ты қайта есепке қою процедурасынан өту керек. Қайта есепке қою – бұл есепке алу процедурасы, бірақ тегін жасалады. Сондықтан жоғарыда аталған қадамдар күшінде қалады.

Отандық баспасөз басылымдары, желілік басылымдар мен ақпарат агенттіктері және шетелдік баспасөз құралдарын қайта есепке қою – «Электронды үкімет» порталында қайта есепке қойылуы мүмкін. Отандық және шетелдік теле-радиоарналарды қайта есепке қою үшін келесі сілтеме бойынша өтесіз: https://egov.kz/cms/ru/services/approval_documents/pass_642_mint.



Егер сіз БАҚ-ты есепке алу туралы куәлікті жоғалтып алсаңыз, дубликат жаздыртып алуыңыз керек. Қызмет ақысы 1,6 АЕК (балалар емесе ғылыми тақырыптағы отандық телеарна мен радиотолқын) немесе 4 АЕК (өзге түрлері).

Отандық БАҚ пен Қазақстан аумағында таралатын шетелдік БАҚ-ты есепке алу, қайта есепке алу бойынша мемлекеттік қызметтер стандарты <http://adilet.zan.rus/docs/V1500011301#z93>.

БАҚ-ТЫ ЕСЕПKE АЛУ НЕМЕСЕ ҚАЙТА ЕСЕПKE АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ӨТІНІШ ҮЛГІСІ

(мерзімді баспасөз басылымы, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәлік беретін органның толық атауы)

(мерзімді баспасөз басылымы, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәлік беретін орган жетекшісінің тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

Өтініш

Сізден мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігі немесе желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке қоюыңызды сұраймыз.

_____ (мерзімді баспасөз басылымы, ақпарат агенттігі немесе желілік басылым атауы, түрі)

Меншік иесі _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) атауы және ұйымдастыру-құқықтық нысаны)

БСН/ЖСН _____

Меншік иесінің мекенжайы _____

(тұрғылықты мекені/орналасқан орны, байланыс мәліметтері)

Баспасөз басылымының, ақпарат агенттігінің немесе желілік басылымның атауы _____

Баспасөз басылымының, ақпарат агенттігі немесе желілік басылымның тілі _____

Шығу жиілігі _____

Тақырыптық бағыты Таралу аумағы _____

Редакцияның мекеменжайы _____

Бас редактордың тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрге арналған орын (мөр болған жағдайда)

(қолы) _____

« ___ » _____ 20 _ жыл

ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚР “БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ” ЗАҢЫ

2-тарау: Бұқаралық ақпарат құралдары жұмысын ұйымдастыру, 5-12 баптар.

2020 жылдың 2 сәуіріндегі ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің “Ақпарат саласында мемлекеттік қызмет көрсету туралы” бұйрығы.



АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ





АҚПАРАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ, ОНЫ БЕРУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМІ

БАҚ туралы заңда қандай ақпарат түрлері қарастырылған?

- **Ресми хабарламалар;**
- **Ресми хабарламаға жатпайтын ақпарат беру жөніндегі өтініштер;**
- **Міндетті хабарламалар.**

Мемлекеттік орган ақпаратты қандай формада береді?

Ресми хабарламалар ауызша және жазбаша, соның ішіне электронды құжат түрінде таралуы мүмкін. Ауызша түрге жетекшінің немесе осы қызметтік тұлға уәкілінің көпшілік алдында сөйлеуі жатады.

Ресми хабарлама БАҚ-тың меншік нысанына және тиесілілігіне қарамастан тең жағдайда беріледі.

Ресми ақпарат беру процедурасы мен мерзімі.

Журналистің ресми хабарламаға түсініктеме алу үшін сұраным жолдауға құқығы бар, сұраным тіркелгеннен бастап **екі жұмыс күні ішінде** оған жауап берілуі керек немесе ақпарат берілетін мерзімді көрсете отырып немесе ақпарат беруден бас тартылған жағдайда себепін көрсете отырып, жауап берілуі керек.

Қосымша зерттеу мен тексеру қажет болған жағдайда ақпарат иеленуші тек бір рет **он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге** сұранымды қарау уақытын ұзарта алады, бұл жөнінде қарау мерзімін ұзарту сәтінен бастап екі жұмыс күні ішінде БАҚ-қа хабарлауы керек.

Берілген ресми ақпаратты түсіндіру бойынша сұраным түскен жағдайда, егер оның құзырына қойылған сұрақтарды шешу кірмесе, онда сұраным **екі жұмыс күнінен кешіктірілмей**, тиісті органға жолдануы тиіс, бұл жөнінде БАҚ-қа хабарлау керек.

Сұранымды қандай үлгіде жолдауға болады?

Жазбаша, соның ішінде электронды құжат түрінде де.

Сұраным бас редактордың, құзырлы тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы және (немесе) электронды цифрлы қолымен бекітілуі тиіс.

Жауап сұраным тілінде беріледі.

Ресми хабарламаға жатпайтын ақпаратты беру процедурасы.

Сұраным үлгісі: ауызша, жазбаша.

Егер журналист ақпарат иеленушіге телефон арқылы ауызша хабарласатын болса, ол өзін таныстыруы керек және аудиожазба жүргізетін болса, ол жөнінде ескертуі керек.

Жазбаша немесе электронды құжат түрінде жолданған сұранымдар бас редактордың (редактордың), құзырлы тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолымен және (немесе) электронды цифрлы қолымен бекітілуі тиіс.



АҚПАРАТ АЛУ СҰРАНЫМДАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

АҚПАРАТ АЛУ ЖӨНІНДЕ СҰРАНЫМ

Кімге _____

(ақпарат иеленушінің атауы)

Кімнен _____

(ұйым/БАҚ атауы, байланыс мәліметтері)

СҰРАНЫМ

1999 жылдың 23 шілдедегі «ҚР БАҚ туралы» Заңының 18-1 бабына сәйкес сізден келесі ақпаратты беруіңізді сұраймын:

_____ (сұралатын құжаттар мен ақпарат тізімі көрсетіледі)

«БАҚ туралы» Заңның 18-1 бабының 1 тармағына сәйкес, ақпарат иеленуші жазбаша сұранымға сұраным түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жауап беруі тиіс.

Жауапты келесі мекенжай бойынша жіберуіңізді сұраймын:

_____ (пошта мекенжайы немесе электронды мекенжай көрсетіледі).

Есіңізге салайық, БАҚ сұранымына жауап бермегені немесе уақытылы бермегені үшін мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына ҚР заңдарымен бекітілген жауапкершілік қарастырылған. Сұралып отырған ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда бағыныштылық тәртібімен немесе сот тәртібімен азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірген мемлекеттік басқару органдары және лауазымды тұлғалардың үстінен шағымдануға болады.

Құрметпен,

Бас редактор (редактор, құзырлы тұлға, аккредиттелген журналист)

Күні және қолы.

РЕСМИ ХАБАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ТҮСІНІКТЕМЕ АЛУҒА ӨТІМІМ

Кімге: _____

Кімнен: _____

1999 жылдың 23 шілдесіндегі ҚР «БАҚ Туралы Заңына» сәйкес, төмендегі ресми хабарламаны (ақпарат иесінен түсіндіруді қажет ететін ресми хабарламаның, ақпараттың немесе құжаттардың тізімі көрсетіледі) түсіндіруіңізді сұраймын.

«БАҚ туралы Заңның» 18 бабы 3 тармағына сәйкес, берілген ресми хабарламаға ақпарат иесі жауапты өтінім тіркелген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей беруі тиіс.

Маған түсініктемені (өтінімге жауаптың қалаған формасы көрсетіледі: қағаз немесе электронды) өтінім тілінде формада келесі мекенжай (егер өтінімге жауапты электронды формада сұрасаңыз, пошта мекенжайы немесе электронды мекенжай көрсетіледі) бойынша жолдауыңызды сұраймын.

Егер біздің сауал өзге ақпарат иегерлерінің құзырына тиісті болса, онда осы сұраным екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, бұқаралық ақпарат құралына хабарлана отырылып, тиісті органдарға жолдануы тиіс.

Есіңізге саламыз, қолданыстағы заңнама бойынша лауазымды тұлғаға ақпаратқа қол жеткізу құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған. БАҚ сұранымы бойынша ақпарат беру мерзімі мен тәртібін сақтауыңызды сұраймыз, әйтпесе, сіздің әрекетіңізге азаматтардың құқықтарын бұзатын мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекетіне шағым жасау үшін ҚР заңнамаларында көрсетілген бағыныштылық немесе сот тәртібімен шағым түсіреміз.

Құрметпен, бас редактор (редактор, құзырлы тұлға, аккредиттелген журналист)

Күні және қолы.

АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢ БОЙЫНША СҰРАНЫМ ҮЛГІСІ

_____ (ақпарат иегерінің атауы)

кімнен _____

(ТАӨ, ЖСН, электронды пошта мекенжайы, телефон нөмірі немесе өзге байланыс құралдары көрсетіледі)

АҚПАРАТ АЛУҒА СҰРАНЫМ

2015 жылдың 16 қарашасындағы ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 11 бабына сәйкес, маған келесі ақпаратты беруіңізді сұраймын:

_____ (ақпарат иегерінен сұралатын ақпараттың немесе құжаттардың тізімі көрсетіледі)

ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 11 бабы 12 тармағына сәйкес, маған жауапты _____

түрде (сұранымға жауапты алғыңыз келген форма көрсетіледі: қағаз немесе электронды) сұраным жолданған тілде беруіңізді сұраймын.

Осы сұранымға жауапты «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 11 бабы 10 тармағында көрсетілген уақыт ішінде келесі мекенжай бойынша:

_____ (егер өтінімге жауаптың электронды формасы таңдалса, пошта мекенжайы немесе электронды мекенжай көрсетілуі керек) жолдауыңызды сұраймын.

Құрметпен,

_____ ((ақпарат сұратқан адамның қолы)

Күні: _____

ЖАУАП ҚАЙТАРУ МЕРЗІМІ

Жауап сұраным түскен формада жеті жұмыс күні ішінде берілуі керек.

Егер сұратылып отырған ақпарат бірнеше ақпарат иегерінің құзырында болса және жазбаша сұранымға өзге ақпарат иегерлерінен ақпарат алу керек болса, сұранымды қарау мерзімін ақпарат иегері бір рет **он бес күннен көп емес уақытқа** созуы мүмкін, ол туралы бұқаралық ақпарат құралына қарау мерзімін ұзартқаны жөнінде екі жұмыс күні ішінде хабарлауы тис.

ШЕКТЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН АҚПАРАТ

Шектеуге жатпайтын ақпарат тізімі (**Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заң**):

- Азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдарлары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдарлары туралы;
- Денсаулық сақтау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы;
- Терроризм актілерін жасау фактілері туралы;
- Экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;
- Жеке және заңды тұлғаларға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар және жеңілдіктер туралы;
- Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшері туралы;
- Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтінін, сондай-ақ олардың жобаларын қамтитын;
- Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы мен олардың жұмсалуды туралы;

- Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы;
- Ақпарат иеленушілердің, олардың лауазымды адамдарының заңдылығын бұзу фактілері туралы;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын ақпаратты қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі ақпарат.

БАС ТАРТУ ЖӘНЕ ШАҒЫМ АЙТУ

Қандай жағдайда сізге ақпарат беруден бас тартады?

- егер сұрау салу мазмұны сұратылатын ақпарат сұраным жолданған ақпарат иегерінің құзырына жатпаса;
- егер сұрау салу БАҚ туралы Заңның талаптарына сәйкес келмесе;
- егер сұратылатын ақпарат қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылса (толығырақ «Құпиялар мен сырлар»);
- мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде жүргізілетін тексерулер нәтижелері бойынша шешімдер қабылданғанға дейін;
- ведомствоаралық және ведомствоішілік хат-хабар алмасу негізінде немесе мемлекеттік органдардағы кеңестер негізінде тұжырымдалатын түпкілікті шешімдер қабылданғанға дейін;
- шет мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен құжаттарды ашу шарттары туралы өзара келісім қабылданғанға дейін бас тартылады.

БАС ТАРТУҒА ҚАЛАЙ ШАҒЫМДАНУҒА БОЛАДЫ?

Бағыныштылық тәртібімен жоғары тұрған органға немесе лауазымды тұлғаға, (**шағым үлгісі «Құжат үлгілері» бөлімінде»),** немесе сотқа (лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекетіне шағымдану) жолығу керек. Жоғары тұрған органдар мен лауазымды тұлғаға алдын ала жолығу сотқа арыздануға кедергі болмайтынын ескертеміз.

Қарастырылған жауапкершілік: тәртіптік, азаматтық және әкімшілік.

ШАҒЫМ (АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ)

Ақпаратқа қол жеткізу құқығын бұзатын немесе шектейтін лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдеріне даулау туралы.

Кімге: _____

(Шағымның мәнін сипаттау: осы шағым бойынша дауланатын лауазымды тұлғаның әрекетіңіз заңсыздығы, шешімі немесе әрекетсіздігінің даулылығы неде).

Кімнен: _____

(Лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, қызметі көрсетіледі) жоғарыда аталған заңсыз әрекеттері ҚР Конституциясының 20 бабымен және ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында қарастырылған, заңды жолмен тыйым салынбаған ақпаратты еркін алу және тарату құқығымды бұзуға (шектеуге) әкеліп соқты деп есептеймін:

(ақпаратқа қол жеткізу құқығының бұзылуы немесе шектелуі неде екенін көрсету керек).

Жоғарыда аталғандар негізінде сізден сұраймын:

1. осы шағымда көрсетілген менің ақпаратқа қол жеткізу құқығымды бұзатын немесе шектейтін заңсыз әрекеттер, әрекетсіздіктер, шешімдерді тексеруіңізді;
2. ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында көрсетілген жауапкершілікке кінәлі тұлғаларды тартуыңызды;
3. қолданылған шаралар жөнінде көрсетілген мерзімде ... мекенжай (жауапты жөнелтетін мекенжайды көрсетіңіз) бойынша хабарлауыңызды.

Құрметпен, (шағымды жолдаған адамның қолы)

Күні.

ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗА

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫ

20 бап кепіл береді: «Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді».

АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

6 бап. Қол жеткізуге шектеу қойылмайтын ақпарат.

ҚР БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

18 бап. Ресми хабарлама.


18-1 бап. Ресми хабарларға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салулар.

18-2 бап. Міндетті хабарлар.

18-3 бап. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жа-сау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше).



ҚҰПИЯЛАР МЕН СЫРЛАР





ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТИМДІ АҚПАРАТ

Ақпарат ашық (жалпыға қолжетімді) және шектеулі қолжетімді (құпиялар, сырлар, қызметтік қолдануға арналған ақпарат) болып бөлінеді. Журналист қандай ақпараттың конфиденциалды екенін, қалай пайдалану және тарату керектігін білуі тиіс. Олай болмаған жағдайда соңы сот дауына, тіпті қылмыстық тергеуге әкеліп соғуы мүмкін.

Оларға жалпыға белгілі мәліметтер мен өзге де шектелмеген ақпараттар жатады. Жалпыға қолжетімді ақпаратты өз қарауына қарай пайдалануға болады (**толығырақ «Ақпаратқа қол жеткізу»**).

ҚОЛЖЕТИМДІЛІГІ ШЕКТЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН АҚПАРАТТАР ТІЗІМІ

Ақпаратқа қол жеткізу туралы заң, 6-бап:

- азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдары туралы;
- денсаулық сақтау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы;
- терроризм актілерін жасау фактілері туралы;

ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ АҚПАРАТ

- экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;
- жеке және заңды тұлғаларға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар және жеңілдіктер туралы;
- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшері туралы;
- мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтінін, сондай-ақ олардың жобаларын қамтитын;
- мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы мен олардың жұмсалуды туралы;
- мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы;
- ақпарат иеленушілердің, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын ақпаратты қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі ақпаратқа қол жеткізу шектелуге жатпайды.



ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ АҚПАРАТ

Шектеулер негіздемелері әртүрлі болуы мүмкін, мысалы, мемлекет қауіпсіздігі мен қорғанысы, конституциялық құрылымның негіздерін, денсаулық, құқық және бірқатар адамдардың заңды мүдделерін қорғау.

МАҢЫЗДЫ!

Журналист ақпаратты заңсыз жинағаны және мемлекеттік құпиялар, коммерциялық, жеке және отбасы, т.б. құпиялар секілді құпияларды таратқаны үшін жауапқа тартылуы мүмкін, ал кәсіби құпия қызмет бабымен сеніп тапсырылған, оны қорғауы тиіс адам кәсіби құпияны жария еткені үшін жауапқа тартылады.

Таратылуы шектеулі ақпарат түрлері:

- Мемлекеттік құпиялар;
- «Қызметтік пайдалану үшін» белгісі соғылған қызметтік ақпарат;
- Жеке, отбасы, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰПИЯЛАР - таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-

ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ АҚПАРАТ

өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер;

Мемлекеттік құпия - жарияланған немесе жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, саяси және өзге де сипаттағы мәліметтер;

Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуды мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының тізбесіне сәйкес мемлекеттік органдардың басшылары жүзеге асырады. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызудың негізділігіне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін. Сот мәліметтерді құпияландырудың негізсіздігі туралы шешім шығарған жағдайда бұл мәліметтер осы Заңда белгіленген тәртіппен құпиясыздандырылуға тиіс.

Құпиялылыққа дәреже беру

- Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерге "аса маңызды", "өте құпия" деген құпиялылық белгілері беріледі.
- Қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерге "құпия" деген құпиялылық белгісі беріледі.

Құпиялылық мерзімін анықтау:

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді құпияландыру мерзімі отыз жылдан аспауға тиіс. Айрықша жағдайларда бұл мерзім мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысы бойынша ұзартылады.

МАҢЫЗДЫ!

Мемлекеттік құпия болатын мәліметтерді заңсыз жинау, сәйкесінше, мемлекеттік құпия болатын мәліметтерді заңсыз алу үшін, мемлекеттік сатқындық немесе шпионаж белгілері болмаған жағдайда, қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

«ҚЫЗМЕТТІК ПАЙДАЛАНУ ҮШІН» БЕЛГІСІ БАР ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТ

Шешім қабылдарда мемлекеттік органның тәуелсіздігін қамтамасыз етумен байланысты әкімшілік процедураларды сақтау мақсатында уақытша шектелетін құпия қызметтік ақпарат. Оған «ҚПҮ» белгісі соғылады.

Таралуы шектеулі қызметтік ақпаратқа «Қызметтік пайдалану үшін» белгісі соғылады. Мәліметті таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратқа жатқызу ережесін ҚР Үкіметі бекітеді. Бұл мәліметтер құжаттарда, істерде және басылымдарда бекітіледі.

ҚАНДАЙ МӘЛІМЕТТЕР ТАРАТЫЛУЫ ШЕКТЕУЛІ ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТҚА ЖАТАДЫ?

- Мемлекеттік бақылау және қадағалау аясында тексеру кезінде алынған және ашылатын, алайда оларға қатысты шешім қабылданбаған мәліметтер;
- Ведомосішілік және ведомосаралық хат жазысу немесе мемлекеттік органдардағы кеңестер негізінде алынған және ашылатын, алайда оларға қатысты ақырғы шешім қабылданбаған мәліметтер;
- Шет мемлекеттер немесе халықаралық ұйымдардан алынған, алайда мұндай ақпаратты ашу шарттары бойынша өзара шешім қабылданбаған мәліметтер.

ҚҰПИЯЛАР

Жеке және отбасы құпиялары

ҚР Конституциясының 18-бабына сәйкес, «әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар».

Жеке құпия қолсұғылмаушылығы жеке мүліктік емес игіліктерге жатады және заңмен қорғалады. Азаматтардың хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар, сонымен бірге, өзге жағдайларда жеке өмір туралы хабардар болған басқа адамдар жеке және отбасы құқықтарын сақтауға міндетті.

Айта кету керек, жеке өмірдің толыққанды анықтамасы жоқ, бұл термин кең тұрғыда талқыланады және адам өмірінің түрлі салаларын қамтиды. Жеке және отбасы өмірі туралы мәліметтерді таратқаны үшін ҚР заңдарымен белгіленген қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Оған отбасыдағы қарым-қатынас, туысқандармен, жұмыстан тыс уақыттағы жұмыстары, достық қарым-қатынастары, интимді өмірінің өзге жақтары туралы мәліметтерді жатқызуға болады.

Бала асырап алу құпиясы

Бала асырап алу құпиясына ата-ана қорғанының болмауы; бала мен асырап алуға үміткерлердің бала асырап алу мақсатында медициналық куәландырылуы, ата-ана қамқорынсыз қалған нәрестенің бала туралы мәліметтері мен асырап алуға үміткерді біріншілік есепке алу, бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу.

Бала асырап алу құпиясын кім сақтау керек?

- Ата-аналар, туыстары;
- Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асырған ұйымдардың және (немесе) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары;
- Бала асырап алу туралы шешім шығарған судьялар;
- Бала асырап алу туралы өзгедей түрде хабардар болған басқа да адамдар бала асырап алу құпиясын сақтауға міндетті.

Егер жоғарыда аталған адамдар заң талабына қарамастан және асыра алушылардың еркіне қарсы бала асырап алу құпиясын жария етсе, олар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф және өзге хабарлар құпиясы

Конституцияның 18-бабы 2-тармағына сәйкес, «әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар».

Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар адресаттың келісімінсіз өзге адамның қолына түскен жағдайда бұзылады. Бұл әрекеттерді жасауға заңды негіздеме болмаса да, бір адамнан алған ақпаратпен үшінші адамның танысуы құпияны бұзу болып саналады.

Бұл бап бойынша хат жазысуға рұқсат етілмеген қолжетімділік болғанда жауапкершілік туындайды, және бұл жағдайда хабарламада жеке немесе отбасы құпиясы болған-болмағаны маңызды емес. Хат жазысу құпиясы адамның хабарлама мазмұнымен танысқан кезінде бұзылды деп саналады.

ҚР ҚК 148-бабы хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын қорғайды.



ҚҰПИЯЛАР

Коммерциялық (кәсіпкерлік) құпия

Кәсіпкер коммерциялық құпияға жататын ақпаратқа еркін қол жеткізетін адамдар тобы мен құпиялылықты қорғауға қатысты шараларды өзі анықтайды.

Коммерциялық құпияның белгілері:

- кәсікердің қызметімен байланысты мәліметтер;
- үшінші адамдарға белгісіз болуына байланысты құпияның өзекті немесе әлеуетті құндылығы болуы мүмкін;
- жария ету кәсіпкердің мүддесіне залал келтіруі мүмкін;
- оған еркін қолжетімділік болмайды;
- ақпарат иесі оның құпиялылығы үшін шара қолданады;
- кәсіпкер коммерциялық құпияның құрамы мен көлемін өзі анықтайды.

Коммерциялық құпияға нені жатқызуға болады?

Кәсіпорынның қаражаты, қол қойылған немесе жоспарланған мәмілелер, бухгалтерлік немесе салықтық есеп, өндіріс технологиясы туралы мәліметтер.

Коммерциялық құпияға не жатпайды

Мемлекеттік статистикалық есепке жататын, мемлекеттік тіркеу туралы заңды тұлға жарғысындағы мәліметтер

Коммерциялық құпияны жария еткені үшін жауапкершілік:

азаматтық-құқықтық, қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік.

Дауыс беру құпиясы

Қазақстанда дауыс беру құпия болып саналады, сайлаушының еркіне бақылау мүмкіндігін болдырмайды. Сайлаушының қалай дауыс бергені туралы ақпаратты тек өзінен және оның рұқсатымен алу керек.

Дауыс беру құпиясына Президент, Парламент және мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауларында дауыс беру жатады.

Зейнетақы жинақтары құпиясы

Зейнетақы жинақтарының құпиясы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы ақша қалдықтары туралы және оның қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, Орталықтардың, ХҚКО және т.б. лауазымды адамдары, қызметкерлері зейнетақы жинақтарының құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етуге құқылы емес және оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Зейнетақы жинақтарының құпиясы зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын салымшыға, алушыға, салымшының (алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісуі негізінде кез келген үшінші адамға ашылуы мүмкін.

Сақтандыру құпиясы

Сақтандыру құпиясы – бұл сақтандыруды жүзеге асыруға қажетті мәліметтер (мысалы, сақтандырушы, сақтандырылған адам мен пайда көруші, олардың денсаулығы, сонымен бірге, осы адамдардың мүліктік жағдайы туралы мәліметтер).

Сақтандыру құпиясына сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жатады.

Сақтандыру құпиясына сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жатады. Таратылу процесіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты туралы мәліметтер сақтандыру құпиясына жатпайды.

Өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына байланысты сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерге қолжетімділік алған лауазымды адамдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру агенттерінің қызметкерлері, сақтандыру агенттері және өзге де адамдар оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

ҚҰПИЯЛАР

Дәрігерлік құпия

Дәрігерлік құпия – пациенттің жағдайы туралы медициналық мәліметті, оның ішінде өзінің жеке мәліметті оның өзінің рұқсатынсыз таратуға салынатын тыйым. Оған медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер жатады.

Оқыту, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі болған **дәрігерлік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етуге жол берілмейді.**

Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісімімен пациентті зерттеп-қарау және емдеу мүддесіне орай, ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мәліметтерді оқыту процесінде және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін басқа жеке және (немесе) заңды тұлғаларға беруге жол беріледі.

Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз беруге мынадай жағдайларда:

- 1) өзінің жай-күйіне байланысты өз еркін білдіруге қабілетсіз азаматты зерттеп-қарау және емдеу мақсатында;**
- 2) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралу қатері болған кезде, оның ішінде қан мен оның компоненттерінің донорлығы кезінде;**
- 3) тергеу немесе сот талқылауын жүргізуге байланысты анықтау және алдын ала тергеу органдарының, прокурордың, адвокаттың және (немесе) соттың сұратуы бойынша;**
- 4) кәмелетке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға медициналық көмек көрсету кезінде оның заңды өкілдерін хабардар ету үшін;**
- 5) азаматтың денсаулығына зақым құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан келтірілді деп есептеуге негіздер болған кезде жол беріледі.**

Пациенттің дәрігерлік құпиясын жариялағаны үшін жауапкершілік тәртіптік, әкімшілік (ҚР ӨҚТК 85-3 бабы, «Дәрігерлік құпияны жариялау»), азаматтық («Халық денсаулығы және денсаулық жүйесі туралы» Кодексінің 184-бабы 2-тармағының 4-тармақшасы), қылмыстық болуы мүмкін.

Салықтық құпия

Салықтық құпияға салық органының кез келген жолмен салып төлеуші (салық агенті) туралы алған мәліметтері, мысалы, салықтарды есептеу және қайтару, бюджетке міндетті төлемдер, салық төлеушілер бойынша өсімпұл мен айыппұлдар жатады.

Төмендегі мәліметтер құпия болып саналмайды:

- 1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі туралы;
- 2) жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) төлеген (аударған) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің сомасы туралы;
- 3) есепке жатқызылуға тиіс қосылған құн салығының, нөлдік ставка салынатын салық сомасын салық төлеушіге бюджеттен қайтару сомасы туралы;
- 4) салықтық құқық бұзушылықтар және қылмыстар жасаған адамдарды заңмен қудалау мақсатында құқық қорғау органдарына берілетін; салық төлеушінің салықтық міндеттемелерін анықтау туралы істерді немесе салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар үшін жауапкершілікті қараған соттарға; прокурор санкциясымен өндірістік құжаттарды орындау барысында сот орындаушыларына; мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша құзырлы мемлекеттік органға берілетін мәліметтер;
- 5) Салық және құқық қорғау органдары арасындағы өзара ынтымақтастық туралы келісімшарттарға (келісімдерге), сонымен бірге, бір тарап ҚР болатын, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен жасасқан келісімшарттарына сәйкес, өзге мемлекеттердің салық және құқық қорғау органдары беретін мәліметтер;
- 6) Салық кодексімен белгіленген есеп беру мерзімінен бастап алты айдан астам уақыт салық есебін бермеген, іс жүзіндегі мекенжайда (тұрғылықты мекенжайы) болмаған, сонымен бірге, сотпен жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушінің тіркелгені жөніндегі мәліметтер.

Салық құпиясын тек заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, салық органдарының лауазымды тұлғалары, немесе халықаралық келісімшарттарға сәйкес, ҚР заңнамаларымен құзірет берілген

ҚҰПИЯЛАР

мемлекеттік органдарды қоспағанда, өзге мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға мәліметтерді жария етуге болмайды.

МАҢЫЗДЫ!

Салық заңнамасында салық төлеушінің жазбаша рұқсатынсыз салық төлеушіге қатысты ақпаратты өзге адамға бермеу жөнінде ереже қарастырылған, яғни, ешбір салық төлеуші өзге салық төлеуші туралы мәліметтерді оның жазбаша рұқсатынсыз ала алмайды.

Адвокаттық құпия

Адвокаттық құпияны адвокатқа өтініш жасау фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғамен және басқа да тұлғалармен ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүдделерінде қабылданатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат құрайды.

Адвокаттар, олардың көмекшілері, тағылымдамадан өтушілері, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультациясының, адвокаттық кеңсенің жұмыскерлері, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысу құқығы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған адам заң көмегін көрсетуге байланысты алынған қандай да бір мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін пайдалануға құқылы емес.

Адвокаттық құпияға жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның келісуінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады.

Адвокаттық құпияны сақтау міндеті уақытпен шектелмейді.

Банк құпиясы

Банк құпиясына банктің клиенттері мен корреспонденттері, олардың операциялары мен көрсетілетін банктік қызметтерді алуға байланысты банктермен өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер, оның ішінде шектеусіз: банктік шоттардың бар екендігі, олардың иелері мен нөмірлері және банктердің корреспонденттері, осы шоттардағы және банктің өз шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы, аударылған шоттардағы шектеулер, клиенттер мен корреспонденттердің және банктің өз операциялары (банк операцияларын жүргізудің

жалпы шарттарын қоспағанда), сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтарымен үй-жайларында сақтаулы жатқан клиенттер мүлкінің болуы, иелері, сипаты мен құны туралы ақпарат, клиенттердің кредит алу (осы бапта айқындалған жағдайлардан басқа), төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша, оның ішінде банктік шотты ашпай орындалатын операцияларды жүргізу туралы ақпарат кіреді.

Тарату процесінде тұрған банк берген кредиттер туралы мәліметтер банк құпиясына жатпайды.

Өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына орай банк құпиясын құрайтын мәліметтерге қолжетімділік алған банктердің, заңды тұлғалардың лауазымды адамдары, жұмыскерлері және өзге де тұлғалар оларды жария еткені үшін қылмыстық жауаптылықта болады.

МАҢЫЗДЫ!

Банк құпиясы клиентке ғана, шот (мүлік) иесінің жазбаша нысанда берген келісімінің негізінде не шот иесінің сәйкестендіру құралы арқылы кез келген үшінші тұлғаға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыздар, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операциялар, вексельдерді есепке алу, сондай-ақ банк шығарған кепілдіктер, кепілгерліктер, аккредитивтер бойынша кредиттік бюроға осы бапта көзделген негіздер бойынша және шектерде ашылуы мүмкін.

Тергеу құпиясы

Тергеу құпиясы – ол анықтау немесе алдын ала тергеу мәліметтері туралы ақпарат және ол заңмен қорғалады, сондықтан оның жария етілуі объективті ақиқатты анықтауды қиындатады немесе мүмкін етпейді.

Мәліметтер тек прокурордың келісімімен мүмкін деп танылған көлемде, егер ол тергеу мүддесіне қайшы болмаса және өзге адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерімен байланысты болмаса, жария етіледі.

Сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адам қорғаушыны, куәларды, жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді немесе олардың өкілдерін, сарапшыны, маманды, аудармашыны, айғақ болған адамды және тергеу әрекеттері өндірісінде қатысқан басқа адамдарды іске қатысы бар мәліметтерді оның келісімінсіз жария етуге

ҚҰПИЯЛАР

жол берілмейтіндігі туралы ескертеді, ол жөнінде аталған адамдардан жауапкершілікті ескерткені жөнінде қолхат алынады.

Жариялауға жол берілмейтіндігі туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен ескертілген адамның сотқа дейінгі іс жүргізудің немесе жабық сот талқылауының деректерін жария етуі, егер сотқа дейінгі талқылаудың деректерін жария ету – прокурордың немесе сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамның келісуінсіз жасалған, сондай-ақ жабық сот талқылауының деректерін жария ету судьяның келісуінсіз жасалған болса, 2000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Соттар кеңесінің құпиясы, немесе кеңесу бөлмесінің құпиясы

Кеңесу бөлмесінің құпиясын қамтамасыз ету мақсатында оған сот тергеуін жүзеге асыратын сот құрамынан өзге ешкімнің қатысуына құқығы жоқ.

Судья мәні бойынша қаралған немесе өндірістегі сот істері бойынша қандай да бір түсініктеме беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайда қамтамасыз етілуі керек.

Судьялардың кеңесу құпиясы, яғни судьялардың кеңесу бөлмесінің құпиясы процессуалды заңнамалармен қамтамасыз етілген. Кеңесу бөлмесінде болған ақпарат жария етілуге жатпайды. Кеңесу бөлмесіне кіруге кез келген талпыныс жасау заңсыз, сотқа құрметсіздік деп бағаланады және ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 653-бабы бойынша жазланады.

Нотариаттық іс-әрекеттер құпиясы

Жеке және заңды тұлғаларға олар жасаған нотариаттық іс-әрекеттерге құпияға кепіл беріледі.

Нотариус кәсіби қызмет барысын жүзеге асыру кезінде белгілі болған мәліметтер құпиясын сақтауы тиіс. Мысалы, куәландыратын құжаттардағы немесе нотариатты іс-әрекеттер жасау кезінде белгілі болған мәліметтер, сонымен бірге азаматтың нотариусқа жолығу дерегі.

Нотариатты іс-әрекет құпиясын сақтау үшін оны жасау кезінде өзге адамдар қатыспауы керек (жасалатын нотариатты іс-әрекетке қатысы жоқ адамдар).

ҚҰПИЯЛАР

Жеке тәжірибемен айналысатын нотариуста жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдеріне еркін кіріп шығуға, нотариалды іс-әрекет жасау құпиясын сақтауға және нотариалды іс құжаттарының сақтығын қамтамасыз етуге жарамды бір ғимарат болуы міндетті.

Нотариатты іс-әрекет құпиясын сақтау міндеті стажерлар мен нотариус көмекшілеріне де таралады.

Нотариатты іс-әрекеттің жасалғаны туралы мәліметті қасақана жария еткен адам заңнамаға әйкес жауапкершілікке тартылады

Аудиторлық құпия

Мемлекеттік кіріс органдарына берілетін мәліметтерді қоспағанда, аудит, салық бойынша аудит жүргізу туралы келісімшартты орындау барысында аудитордың және (немесе) аудиторлық ұйымның қолына түскен мәліметтер аудиторлық құпия болып саналады.


Коммерциялық құпияларды құрайтын мәліметтерді сақтау міндеттемесін бұзғаны үшін ҚР заңдарымен бекітілген жауапкершілік қарастырылған.

Журналистік құпия (авторлық және ақпарат көзі құпиясы)

Журналист авторлық және ақпарат көзі құпиясын сақтау құқығына ие, мысалы, егер оның құпиялылығын сақтауды талап етсе, ақпарат көзінің есімін атамау керек; егер ақпарат көзін тәуекел жағдайына қалдыратын болса, оны таратпау шартымен берілген ақпарат болса.

Маңызды!

Өзге жағдайларда құпиялар сот талабымен жарияланады.



ДЕРБЕС МӘЛІМЕТТЕР

Дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер. Оларға тегі, аты, әкесінің аты, туған жері мен уақыты туралы мәліметтер; жеке басты куәландыратын құжаттар мәліметтері, мекенжай мен телефон жатады. Дербес мәліметтердің нақты тізімі Заңда жоқ.

Дербес деректер қолжетімділігі бойынша жалпыға бірдей қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі болып бөлінеді.

- **Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын, оларға қол жеткізу субъектінің келісімімен еркін болып табылатын дербес деректер немесе мәліметтер жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректер болып табылады (оның ішінде өмірбаяндық анықтамалықтар, телефон, мекенжай кітаптары, жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстар, бұқаралық ақпарат құралдары) пайдаланылады.**
- **Қолжетімділігі шектеулі – қолжетімділігі ҚР заңнамасымен шектелген дербес мәліметтер (мысалы, жеке куәлік мәліметтері, ЖБН, жеке телефон нөмірлері, тұрғылықты мекенжай, ұлты, жұмыс орны, еңбек шартының жағдайлары және т.б.).**

ДЕРБЕС МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫН КІМ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛАДЫ?

- Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын

меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар. Кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

ДЕРБЕС МӘЛІМЕТТЕРДІ ЖУРНАЛИСТ ЖҰМЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУ;

- Журналист дербес мәліметтерді субъектінің келісімінсіз жинап, өңдей алады, егер ол адам және азаматтың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі ҚР заңнамалары талаптарын орындаған жағдайда өзінің заңды кәсіби қызметін жүзеге асыруға қажет болса.

ДЕРБЕС МӘЛІМЕТТЕР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР?

- Әкімшілік жауапкершілік,
- Қылмыстық жауапкершілік.



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚР СОТ ЖҮЙЕСІ МЕН СУДЬЯЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

25-бап. Судьяның тәуелсіздігі.

ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ

148-бап. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу.

185-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария ету.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді заңсыз жинау, сол сияқты құқыққа сыйымсыз алынған, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату, мемлекетке опасыздық жазау немесе тыңшылық белгілері болмаған кезде

423-бап. Сотқа дейінгі іс жүргізудің деректерін жария ету.

ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ

201-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу.

ҚР АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)

126-бап. Қызметтік және коммерциялық құпия.

ҚР КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКСІ

28-бап. Коммерциялық құпиясы бар ақпаратты қорғау.

ҚР «НЕКЕ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ) ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ

53-бап. Жеке өмірге қолсұқпаушылық, жеке және отбасылық құпия.

102-бап. Бала асырап алу құпиясы.

ҚР «ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» КОДЕКСІ

95-бап. Дәрігерлік құпия.

ҚР «САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨЗГЕ ДЕ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ» КОДЕКСІ

30-бап. Салық құпиясы.

«ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

6-бап. Дербес деректер қолжетімділігі.

9-бап. Дербес деректерді субъектінің келісімінсіз жинау, өңдеу.

ҚР «АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЗАҢ КӨМЕГІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ

9-бап. Кәсіптік құпияны сақтау.

37-бап. Адвокаттық құпия.

ҚР «БАНКТЕР ЖӘНЕ БАНК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

50-бап. Банктік құпия.

ҚР «ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ


57-бап. Зейнетақы жинақтарының құпиясы.

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

20-бап. Журналистің құқығы.



ВИДЕО, ФОТОҒА ТҮСІРУ





ӨЗ БЕЙНЕСІНЕ ҚҰҚЫҚ

Өзгенің бейнесі бар өнер туындысын (картина, сурет, кинофильм және басқалары) жариялау, шығару және тарату тек оның рұқсатымен, ал оның өлімінен кейін болса, балаларының немесе жұбайының рұқсатымен жүзеге асырылады. Егер кәмелет жасқа толмағандардың бейнесін пайдаланатын болсаңыздар, абай болыңыздар (ол үшін олардың заңды өкілдерінің (ата-анасы, қамқоршылары, қорғаншылары) келісімі қажет.

Келісім керек емес, егер:

- бейнеленген адам ақысына суретке түскен болса;
- адам мәдени-бұқаралық, мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар, спорттық-бұқаралық шараларға, жиналыстарға, шерулерге, жиындар немесе демонстрацияларға және өзге көпшілік шараларға қатысатын болса;
- таратылатын ақпаратта аталған адамның қызметтік және көпшілік қызметіне байланысты суреті болса, сонымен бірге, қолжетімділігі шектелмеген көздерде өзі, заңды өкілі немесе құзырлы адам жариялаған жағдайда;
- адам бейнесі конституциялық құрылымды қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқықтары мен бостандықтары, халықтың денсаулығы және ұнамдылығын сақтау мақсатында қолданылады.

КЕЛІСІМ ФОРМАСЫ

Заң белгілі бір форманы қарастырмайды, сондықтан ол ауызша не жазбаша, сонымен бірге, видеожазба ретінде болуы мүмкін. Неғұрлым ыңғайлы және қауіпсіз түрі – жазбаша келісім.

Жазбаша келісім үлгісі

Мен, _____
(ТАӘ, ЖСН, жеке куәлік нөмірі),

бейнемді қолдануға

(Заңды тұлға – БАҚ редакциясы атауы)

" _____ " рұқсат беремін.

Сіз қажет деп тапқан кез келген өзге шарттар.

Қолы және күні.

Жауапкершілік.

Құқықтары бұзылған жеке тұлғаның моральды шығын өндіруге, фото және видеоматериалдарды өшіртуге құқығы бар.



ФОТО ЖӘНЕ ВИДЕО ТҮСІРУ ЕРЕЖЕСІ: ҚАЙДА ЖӘНЕ ҚАЛАЙ

МАҢЫЗДЫ!

Ережелер бейнені тек түсіруге емес, таратуға да қатысты (режимді нысандарды есепке алмағанда).

Жеке меншік (мейрамхана, дәмхана, сауда орталықтары, базарлар, салондар, кинотеатрлар және т.б.)

Сатушыға (өзірлеушіге, орындаушыға), ҚР заңдарымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, фото-, видеотүсірілім жасауға қатысты тұтынушылардың құқықтарын шектеуге тыйым салынады (Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы Заң). Пәтер, саяжай, жер телімдері болса, меншік иесі фото және видео түсіруге тыйым сала алады.

Мемлекеттік ұйымдар

Мемлекеттік мекемелерде суретке түсіруге болады. Егер қоғамдық тәртіп бұзылу қаупі болса, түсірілімге тыйым салынуы мүмкін, бұл келушілерге арналған ережелерде көрсетілуі керек. Ерекше өткізу режимі бар мемлекеттік мекемелер ғимараттарында түсірілімге арнайы рұқсат керек. Халыққа қызмет көрсететін мекемелер (мысалы, ХҚҚО) неғұрлым ашық әрекет етуі керек.

ТҮСІРІЛІМ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Соттар

Сот ғимаратында фото және видео түсіруге болады. Ал сот талқылауы барысында кино-, және фототүсірілім, видеожазба, тікелей радио-, және телехабар таратуға келер болсақ, онда рұқсат іске қатысушы тараптардың пікірлері ескеріле отырып, соттың шешімімен беріледі. (толығырақ «Сот процесін жариялау»).

Режимді нысандар мен ерекше қорғалатын нысандар (ҚР президенті резиденциясы, әскери бөлімдер, мемлекеттік материалдық резервтері бар нысандар, ғарыш инфрақұрылымы нысандары).

Түсірілім және оны таратуға тыйым салынады.

Медициналық мекемелер

Медициналық мекемелерде фото, видео түсіруге тыйым жоқ. Бірақ азаматтың жеке өмірге қол сұғылмаушылық және дәрігерлік құпия туралы құқықтары туралы есте сақтаған жөн. Мысалы, науқастар жатқан палатаны түсіру жеке өмір құпиясын бұзуы мүмкін, сондықтан, түсірер алдында пациенттерден рұқсат алу қажет. **(толығырақ «Құпиялар және сырлар»).**

Түзету мекемелері мен тергеу изоляторлары

Тек әкімшілік рұқсатымен түсіруге болады. Сотталған адамды түсіру үшін оның жеке рұқсаты керек.

Стратегиялық нысандар (магистральді теміржол желілері, теңіз порттары, атом энергиясын қолдану нысандары, ғарыш саласы нысандары және т.б.).

Стратегиялық нысандарды арнайы түсіру үшін нысан әкімшілігінің рұқсаты керек.

Табиғат қорғау мекемелері (қорықтар, ұлттық саябақтар және т.б.)

Ерекше қорғалатын аумақ пен бекітілген құқықтық режиміне байланысты келушілерге кәсіби және әуесқой фото-видеотүсірілім жасауға жол беріледі. Жануарларды штативтер мен жарық қолдану арқылы суретке түсіруге тыйым салынады (бұл жануарлар қорғау және келушілердің жеке қауіпсіздігі үшін қажет).

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘРЕКЕТІН ФОТО- ЖӘНЕ ВИДЕОҒА ТҮСІРУ

Егер таратылатын ақпаратта оның қызметі мен көпшілік қызметіне байланысты адам мен мәліметтің бейнесі болса, түсірілім жасауға тыйым салынбайды.

Бірақ полиция қызметкері егер қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін болса, түсірілімді тоқтатуды талап ете алады (мысалы, қылмыс жасалған жерде жеке, заңды тұлғалардың құқықтық мүдделерін, субъектінің құқықтары мен бостандығын немесе тергеу құпиясын бұзатын болса).

МАҢЫЗДЫ!

Құқық қорғау органдары өкілінің сіз жасаған кадрды күшпен өшіруге талпынуы, сонымен бірге, флеш-картаны, камераны, диктофонды тартып алуға әрекет жасаса, жеке меншікке қол сұғушылық және журналистің кәсіби қызметіне кедергі жасау болып саналады.

«ЖАСЫРЫН КАМЕРАМЕН» ТҮСІРУ


Заңда «жасырын камерамен» түсіруді реттейтін норма жоқ, сондықтан журналистке көп жағдайда тәуекелге баруға тура келеді. Сөз бостандығын асыра пайдалану деп айыптаудан қалай құтылуға болады және «жасырын камерамен» түсіруді қай кезде ақтап алуға болады?

Егер материал қоғамдық мүддені қозғаса, көпшілік оны білу керек болса, онда «жасырын камерамен» түсіруді ақтап алуға болады. Ол үшін келесі шарттар орындалуы тиіс:

- материал азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын бұзбауы керек;
- түсірілім қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғау, мәселен, сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін жасалу керек;
- кадрға түсіп қалған бөгде адамдардың түрлері көрінбеу керек.

БАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫНДАҒЫ ТҮСІРІЛІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Егер сіз бейне бақылау камерасындағы түсірілімді көпшілікке таратуға пайдаланатын болсаңыз және оқиға орнынан қадарларды тарататын болсаңыз, онда сізде құқық қорғау органдарынан рұқсат болу керек.



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚР АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ,
145 бап. Өз бейнесіне құқық.

ҚР БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ,
14 бап. Бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін тарату.

ҚР АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ,
193-1 бап. Стратегиялық нысандар.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ,
24 бап. Сатушының (дайындаушының, орындаушының) міндеттері.



СОТ ПРОЦЕСІНЕН ХАБАР ТАРАТУ





Сот отырыстары іс деңгейлері мен онда қаралатын мәселелерге байланысты ашық және жабық болып бөлінеді.

Процесс басталарда судья қандай істің және қандай тәртіпте - ашық немесе жабық тәртіпте қаралатынын хабарлау керек.

Егер процесс ашық болса, онда журналистер, барлық барлық ниет білдірушілер сот отырысы залына кіре алады.

Егер процесс жабық болса, онда судья негізделген анықтама шығаруы тиіс, себебін (мемлекеттік құпия, жеке, отбасы, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиялар, т.б.) айтуы керек және іске қатыспайтын адамдардан залды босатуын өтінеді. Осының барлығы сот отырысының хаттамасына енгізілуі тиіс. Жабық сот отырысын өткізу туралы мәселе әрбір жағдайда нақты шешіледі.

Жабық процесс өткізу негіздемелері:

Егер материалдарда мемлекеттік құпия болып саналатын мәліметтер болса, сонымен бірге, асырап алу құпиясы, жеке, отбасы, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, азаматтар өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтерді немесе ашық талқылауға кедергі болатын өзге де жағдайларды қорғауды қамтамасыз ету өтінімі қанағаттандырылса.

МАҢЫЗДЫ!

Сот отырысы залында қатысып отырғандардың барлығы төрағалық етуші судьяның сот отырысы тәртібін сақтау туралы қаулысына бағынуы тиіс.

Журналист сот процесінен хабар таратқан жағдайда кінәсіздік презумпциясын сақтауы тиіс.

Сот үкімдері кез келген жағдайда жария болуы тиіс, және журналистер оған қатысуға құқылы.

ЕГЕР СІЗ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕН ХАБАР ТАРАТАТЫН БОЛСАҢЫЗ

АПК 19-бабының 8-тармағына сәйкес, журналист қана емес, іске қатысушы адамдар, сонымен бірге, ашық сот отырысына қатысатын азаматтар отырған орындарынан сот талқысы барысы бойынша аудиожазба қолдану арқылы жазба жасауға құқылы. Ал, сот талқысы барысынан кино- және фото түсірілім, видеожазба, тікелей радио- және телехабар таратуға іске қатысушы адамдардың пікірі ескеріле отырылып, сот рұқсатымен жүзеге асырылады.

Азаматтарға ашық сот отырысы залына кіруге ешқандай сылтаумен кірулеріне еш кедергі болмауы керек. Егер іске қатысушы немесе куәгер болып жатса, он алты жасқа дейінгі адамдар да қатыса алады. Азаматтардың барлығын ашып отырыс залына кіргізу мәселесі сот отырысы залының сыйымдылығы ескеріле отырылып, шешіледі.

Сіздің видеоға түсіру әрекеттеріңіз сот отырысының қалыпты жүруіне кедергі болмауы керек. Сонымен бірге, видео түсірілім жұмыстары уақытпен шектелуі мүмкін.

ЕГЕР ТӘРТІП БҰЗЫЛСА

Сот отырысы залында тәртіп туралы ұмытпау керек, сот оны тәртіп бұзушылық деп бағалауы мүмкін.

Алдымен тәртіп бұзған адамға судья ескерту жасайды (бұл іске қатыспайтын және отырысқа қатысатын адамдарға қатысты). Егер ескерту қайталатын болса, судья адамды залдан шығарып жіберуге құқылы.

ЕГЕР СІЗ ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСТЕН ХАБАР ТАРАТАТЫН БОЛСАҢЫЗ

Азаматтық процестегідей, мұнда да сот өндірісі ашықтығына қатысты талаптар ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 24-бабында көрсетілген.

Жабық әкімшілік сот процесі үшін негіздемелер:

Егер іс материалдарында мемлекеттік құпиялар, сонымен бірге іске қатысатын адамдардың бала асырап алу құпиясы, жеке, отбасы, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиялар, жеке адамдар өмірінің интимді жақтары туралы мәліметтерге сілтеме жасаған өтінімдерін судья қанағаттандырса немесе ашық сот отырысына кедергі болатын өзге де жағдайлар болса.

Жеке хат жазысу мен жеке адамдардың жеке телеграфтық хабарламалары арасында осы хаттар жазылған адамдардың рұқсатымен ашық сот отырысында жария етілуі мүмкін. Егер қарсылық болса, жеке хат жазысулар мен хабарламалар жабық тәртіпте қаралады. Аталған ережелер жеке сипаттағы мәліметтері бар фото- және киноқұжаттар, дыбыстық- және видеожазбаларды зерттегендеде қолданылады.



ЕГЕР СІЗ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕС ТУРАЛЫ ХАБАР ТАРАТАТЫН БОЛСАҢЫЗ

Сіз сот залында бола аласыз және сот отырысы жайлы отырған орныңыздан тек жазбаша фиксация жасай аласыз.

Қылмыстық істі қарау кезінде сот отырысында фотоға түсіру, дыбыстық-, видеожазба және кинотүсірілім процеске қатысушылардың келісімімен және судьяның рұқсатымен жүргізіледі. Бұл әрекеттер егер сот отырысының қалыпты жүргізілуіне кедергі келтіретін болса, шектеледі. Сізді сот залынан, осы жолы алдын ала ескертусіз, тәртіп сақтамағаныңыз үшін шығарып жіберуі мүмкін.

Жабық қылмыстық сот процесін жүргізуге негіздемелер:

- мемлекеттік құпиялар мен заңмен қорғалатын өзге құпияларды қорғау қажеттілігі үшін;
- кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары жөніндегі істер бойынша,
- жыныстық қылмыстар мен іске қатысушы адамдар өмірінің интимді жақтары турал мәліметтердің таралуын болдырмау мақсатындағы өзге істер бойынша,
- жәбірленуші, куәгер немесе іске қатысатын өзге адамдардың, сонымен бірге олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігі мүддесі қажет еткен жағдайларда.
- қылмыстық тергеу жүргізетін органның әрекеті (әрекетсіздігі) мен шешіміне түскен шағымды тергеу судьясы қараған жағдайларда.

МАҢЫЗДЫ!

Сот отырысының ашықтығын шектеу мерзімі сот отырысының барлық кезеңіне немесе жоғарыда көзделген жағдайлар зерттелетін бөлігіне қолданылуы мүмкін.

Егер сіз сот талқысы қағидасы бұзылды деп есептесеңіз, сіз судьяның әрекетіне шағым келтіре аласыз. Ол үшін сот төрағасының атына еркін формада арыз жазу керек, немесе судьяның заңсыз әрекеті үшін ҚР Жоғарғы сотына шағыммен жолыға аласыз. Шағым еркін формада толтырылады.

ШАҒЫМ

(СОТ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ)

Сот процесінің ашықтығын шектеуге қатысты судьяның заңсыз әрекетіне.

Іс жағдайлары көрсетіледі (азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік іс қай сотта қаралды, төрағалық етуші судьяның аты-жөні).

Судьяның нақты қай әрекетін заңсыз деп санайсыз және ол қалай көрініс тапты.

Қажет деп санаған өзге де жағдайларды көрсетіңіз.

Сіздің талаптарыңыз (осы шағым бойынша тергеу жүргізу, сонымен бірге судьяны жауапкершілікке тарту)

Қолы мен күні.

ҚР СОТ ЖҮЙЕСІ

Бірінші инстанция – істі мәні бойынша қарау (аудандық және оған теңестірілген соттар (ауданаралық, қалалық және мамандандырылған);

Екінші инстанция – апелляция (облыстық және оған теңестірілген соттар (заңды күшіне енген барлық шешімдер мен үкімдер);

Үшінші инстанция – кассация (ҚР Жоғарғы соты).



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКС

19-бап. Сот отырысы жариялылығы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКС

29-бап. Жариялылық.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКС

24-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша із жүргізудің жариялылығы.

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫ ПРИНЦИПІН СОТТАРДЫҢ САҚТАУЫ ТУРАЛЫ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ.

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫ ПРИНЦИПІН СОТТАРДЫҢ САҚТАУЫ ТУРАЛЫ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ.



ДИФФАМАЦІЯ





АР-НАМЫС, ҚАДІР-ҚАСИЕТ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛДІ ҚОРҒАУ

Ар-намыс – адамға қоғамның берген бағасы, оның рухани және әлеуметтік қасиеттерінің мөлшері.

Қадір-қасиет – адамның өзінің қасиеттері, қабілеттері, көзқарасы, өзінің қоғам үшін маңыздылығына берген ішкі бағасы.

Іскерлік бедел – қоғамдық пікірдің адамның іскерлік беделіне қатысты тұрақты жағымды бағасы.

Теріске шығару не жауап беру құқығы (БАҚ туралы Заңның 19-бабы)

Азамат немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралдарынан осы бұқаралық ақпарат құралында таратылған, шындыққа сәйкес келмейтін және ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы.

Азамат немесе заңды тұлға теріске шығаруға өтініш жасаған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралында таратылған мәліметтердің шындыққа сәйкес келетіні жөнінде дәлелдемелері болмаған осы бұқаралық ақпарат құралының редакциясы оларды сол бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруға міндетті.

МАҢЫЗДЫ!

Теріске шығару туралы талап шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер, осы бұқаралық ақпарат құралында олардың таратылған уақыты мен тәсілі көрсетіле отырып, жазбаша ресімделуге тиіс.

ЖАУАП БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін өзіне қатысты мәліметтер жарияланған азаматтың немесе заңды тұлғаның сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауабын тегін жариялауға құқығы бар.

Бұқаралық ақпарат құралы жауапты жариялаудан, егер азаматтың немесе заңды тұлғаның не олардың өкілінің жауабында таратылуына Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе жеке және (немесе) заңды тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін өзгеше түрде бұзатын ақпарат қамтылған жағдайда, бас тартуға құқылы.

Жариялау процедурасы

Мерзімді баспасөз басылымдарында жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған жерде сол қаріппен жариялануға және "Жауап" тақырыбымен орналастырылуға тиіс.

Радио және теледидар арқылы жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты сол тәулік уақытында және сол теле-, радиобағдарламада, ал көрсетілген теле-, радиобағдарлама жабылып қалған жағдайларда – оған сәйкес келетін тақырыптық бағыты бар өзге теле-, радиобағдарламада берілуге тиіс.

Жауаптың немесе теріске шығарудың көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі және одан көп есе аспауға тиіс.

МАҢЫЗДЫ!

Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы талабы, егер бұқаралық ақпарат құралы мұндай жарияланымнан бас тартқан не бір айдың ішінде теріс шығаруды немесе жауапты жарияламаған жағдайда, сондай-ақ осы бұқаралық ақпарат құралы таратылған жағдайда, сотта қаралады.

АР-НАМЫС ЖӘНЕ ҚАДІР-ҚАСИЕТТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕ ТАЛАП АРЫЗ

АК 143-бабына сәйкес, азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.

Талап арыз қоюға қажетті шарттар:

- Мәліметтер таратылуы керек,
- Олар азаматтың ар-намысы, қадір-қасиетіне, ұйымның беделіне нұқсан келтіруі тиіс,
- Олар шындыққа жанаспайды.

«Масқаралайтын мәліметтер» деген нені білдіреді?

Масқаралайтын мәліметтер дегеніміз шындыққа сай келмейтін, азаматтың немесе ұйымның ар-намысы мен қадір-қасиетін заңды сақтау, қоғамның моральді принциптері тұрғысынан алғанда қоғамдық пікір немесе басқа азаматтардың алдында төмендететін мәліметтер (мысалы, еңбек ұжымы, отбасы алдында дұрыс емес әрекет, лайық емес тәртібі туралы мәліметтер; өндірістік-шаруашылық қызметін масқаралайтын мәліметтер және т.б.). Өз кезегінде, жұмыс барысындағы, қоғамдық орындағы, ұжымдағы, тұрмыстағы кемшілік туралы мәліметтер шындыққа сай келетін болса, мәліметтерді жоққа шығару жөніндегі талап негізсіз болып саналады.

Журналист шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін жауаптылықтан босатылады, егер олар (сот актілерімен немесе заңдармен тыйым салынған немесе өзге жолмен таралуы шектелген ақпараттарға қатысы жоқ):

- егер ақпарат ресми хабарларда қамтылса (мысалы, мемлекеттік органның баспасөз релизін);

- бұқаралық ақпарат құралының сұрау салуына берілген жауапта қамтылса;
- таратылуына заңды күшіне енген сот актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе өзгеше түрде шектеу қойылған ақпаратты таратуды қоспағанда, өкілді органдар депутаттарының, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды немесе уәкілетті тұлғаларының, жеке және заңды тұлғалардың ресми сөйлеген сөздерінің сөзбе-сөз қайталанып берілуі болса. Егер адам жиында, митингте немесе өзге көпшілік шарада сөз сөйлеген болса, сіз оның айтқанын материалда пайдаландыңыз, ал оның ақпараты шындыққа сай келмесе, сіз оның айтқанына жауап бермейміз. Алайда, сіз оның сөзін сақтап алу керексіз және жариялағанда төл сөз ретінде рәсімдеу керексіз;
- егер ақпарат алдын ала жазылып алынбай эфирге шығарылатын авторлық сөздерде не осы Заңға сәйкес редакциялауға жатпайтын мәтіндерде қамтылса. «Эфирге алдын ала жазылып алынбай шығарылатын» деген сөзге назар аударыңыз;
- егер шындыққа сай емес ақпаратты өзге ақпарат құралы таратса, сіз оған сілтеме жасасаңыз, алайда алғашқы таратқан БАҚ уәкілетті органда, демек, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде есепке қойылған болса. Бұл ретте сіз Қазақстанда БАҚ ретінде есепке қойылмаған шетелдік БАҚ-қа немесе желілік басылым ретінде есепке қойылмаған сайттарға сілтеме жасай алмайсыз дегенді білдіреді.

Пікір және мәлімдеме

Пікір (бағалау) - бұл адамның көзқарасын білдіретін жеке көзқарасы. Оның шындыққа сәйкестігін тексеру мүмкін емес, сондықтан сот қорғауының пәні ретінде қарастыруға келмейді және оған жаза қарастырылмайды. Әр адамның өз пікіріне құқығы бар.

Жайт туралы мәлімдеме – бұл расымен болған жайт немесе оның бар екендігі дәлелдемелер арқылы расталатын нәрсе.

Айтылған сөздің бағалау пікір не жайт туралы мәлімдеме екенін тек сот лингвистикалық сараптама анықтай алады.

МАҢЫЗДЫ!

«Мен ойлаймын», «меніңше» деген сөздер сот арыздарынан құтқармайды.

Жарияланым үшін көшірім сұрауға бола ма?

ҚР заңнамасында көшірім сұрау сотта қорғалу ретінде қарастырылмаған, сондықтан, талап арыздарда көрсетілсе де, сот талапкерлерге көшірім сұрауды міндеттей алмайды.

Моральды залал өтемақысы

Жеке мүліктік емес құқықтары бұзылған жеке тұлғаның моральдық шығын өндіруге құқығы бар.

Моральдық зиян деп азаматтың өзіне тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың заңға қайшы бұзылуының, кемсітілуінің немесе олардан айырылуының нәтижесінде туындаған жан немесе тән азабын түсіну қажет.

МАҢЫЗДЫ!

Талап арызда талапкер оның жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтары бұзылған жайтты растайтын жағдайды көрсетіп және дәлелдемелерді ұсыну керек. Оларды қорғау қажеттілігі, сонымен бірге, оның пікірінше келтірілген моральдық шығынды өтейтін өтемақы сомасын көрсету керек.

Моральдық шығын ақша түрінде өтеледі. Бұл ретте өтемақы сомасын сот саналылық пен әділдік критерилері есебінен анықтайды.

ЖАЛА ЖАБУ

«Жала жабу» түсінігі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде (73-3-бап) қарастырылған және басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату дегенді білдіреді.

- **Жеке тұлғаға 160 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамға 550 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не жиырма тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қарастырылған.**

Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет –

- **жеке тұлғаға бір жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе жиырма тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамға алты жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не жиырма бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.**

Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан іс-әрекеттер –

- **жеке тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе жиырма бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамға жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.**

Жала жабудың ерекше құрамдары да бар – ҚР ҚК 411-бабы: «Судьяға, алқабиге, прокурорға, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, сарапшыға, сот приставына, сот орындаушысына қатысты жала жабу».

➤ Істердің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты **судьяға немесе алқабиге қатысты жала жабу** үшін екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазланады.

➤ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүзеге асырылуына, сот сараптамасының жүргізілуіне не сот үкімінің, шешімінің немесе өзге де сот актісінің орындалуына байланысты **прокурорға, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, сарапшыға, сот приставына, сот орындаушысына қатысты** жасалған дәл сол іс-әрекет үшін екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

➤ **Адамды ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұласқан жала жабу** үшін төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.



ҚОРЛАУ

Қорлау - басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту.

Әдепсіз түрді сот қалай анықтайды?

- Сот жәбірленушінің жеке қабылдауына ғана емес, біздің қоғамдағы ұнамдылық нормаларына мән беру керек.
- Жәбірленушінің теріс бағасы шындыққа сай келе ме немесе жоқ па, маңызды емес.
- Істерді қарау кезінде соттар лингвистикалық сараптама тағайындайды және әдепсіз түрде кемсіту бойынша сарапшы қорытындысына сүйенеді, немесе бұл мәселені сот өз бетімен шешеді.

Шарттар:

- Қорлау көпшілік алдында, жәбірленушінің өзіне немесе ол жоқ кезде үшінші адамдар арқылы айтылуы мүмкін.
- Қорлау нақты бір адамға немесе нақты адамдарға қатысты жасалуы керек (мысалы, ешкімді қорламай, қоғамдық орында балағат сөз айту бұзақылық болып сараланады).
- Жала жабуға қарағанда қорлау кезінде жәбірленушіге берілген теріс баға шынайы болады, яғни, жеке адамды бағалау дұрыс, алайда өрескел кемсіту түрінде болуы мүмкін.
- Қорлау тек ауызша немесе жазбаша түрде емес, адам-

ның намысын таптайтын іс-әрекет түрінде де болуы мүмкін (беттен ұру, түкіру, мұрын немесе құлақтан тұрту және т.б.). Алайда, іс-әрекет арқылы қорлау даулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда кінәлінің ниетін детальдап анықтау керек, ниет жәбірленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетін төмендетуге бағытталу керек.

- Қатты айтылған сыни ескерту, нақты адам туралы жағымсыз айту, дұрыс формада теріс жағын сөз ету, оның мінезінің кемшіліктеріне назар аударту қорлау болып есептелмейді.

Қорлау үшін жауапкершілік: 100 АЕК көлемінде айыппұл немесе түзету жұмыстары, немесе жүз жиырма сағат мерзімге дейін қоғамдық жұмыстарға жұмылдыру.

Көпшілік алдында немесе БАҚ немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы қорлауға 200 АЕК көлемінде айыппұл немесе сөл мөлшерде түзету жұмыстары, немесе жүз жиырма сағат мерзімге дейін қоғамдық жұмыстарға жұмылдыру жазасы қарастырылған.

БИЛІК ӨКІЛІН ҚОРЛАУ

БИЛІК ӨКІЛІН ҚОРЛАУ (ҚР ҚК 378-БАБЫ)

Билік өкілін қорлау оның беделіне нұқсан келетіндей әрекет жасау дегенді білдіреді. Дөрекі түрде айтылған соң, жәбірленуші туралы теріс пікір қалыптасу керек.

Билік өкілінің ар-намысы мен қадір-қасиеті жазбаша немесе ауызша (сөзбен) төмендетілуі мүмкін. Мұндай қылмыстық міндетті белгісі – билік өкілін қорлаудың көпшілік алдында жасалуы.

Билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе оларды атқаруына байланысты қорлау үшін сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазасы көзделген.

Жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Билік өкілі – құқық қорғау немесе бақылау органының лауазымды тұлғасы.

МАҢЫЗДЫ!

Билік өкілінің қызметтік жұмысы туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

Сонымен бірге, келесі жайттар үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған:

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгедей қолсұғушылық, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 373-бабы);
- Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 375-бабы);
- Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау, демек, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын оның депутаттық міндеттерін атқару кезінде немесе оларды атқаруына байланысты көпшілік алдында қорлау (ҚР ҚК 376-бабы).

ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКС, 5 ШІЛДЕ, 2014 ЖЫЛ, 73-3-БАБЫ

ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ

131-бап. Қорлау.

378-бап. Билік өкілін қорлау.

375-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау.

376-бап. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау.

ҚР АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ

143-бап. Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау.

Заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға осы Кодексте белгіленген тәртіппен залалдың орнын толтыру туралы қағидалар қолданылады.

7. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратушыны анықтау мүмкін болмаса, өзі жөнінде осындай мағлұматтар тараған адам таратылған мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тану туралы сотқа жолдануға құқылы.

ҚР БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

19-бап. Теріске шығару не жауап беру құқығы.

26-бап. Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін жауаптылықтан босатылатын жағдайлар.



БҰҒАТТАУЛАР





БҰҒАТТАУ ТҮРЛЕРІ

БАҚ туралы Заңға сәйкес интернет-ресурстар БАҚ-қа теңестірілген. Осыған сүйене отырып, БАҚ-қа қатысты барлық талаптар сайттарға да қолданылады. Міндетті есепке қоюға келетін болсақ, интернет-ресурсқа мұндай талаптар жоқ. Бірақ сіз сайтты желілік басылым ретінде ерікті түрде тіркей аласыз.

САЙТ ЕКІ ЖАҒДАЙДА ҒАНА БҰҒАТТАЛУЫ МҮМКІН: сот шешімі бойынша және соттан тыс.

БҰҒАТТАУҒА ҚҰҚЫСЫ БАРЛАР:

➤ **БАС ПРОКУРОР НЕМЕСЕ ОНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ** - байланыс желілері немесе құралдары жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын бұзатын, экстремистік және террористік әрекетті жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін, кәмелетке толмағандарды сексуалдық қанауды және балалар порнографиясын насихаттайтын бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпарат тарату үшін пайдаланылған жағдайларда;

➤ **ҰҚК ТӨРАҒАСЫ, ОНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ НЕМЕСЕ ҰҚК АУМАҚТЫҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСТЫҚТАРЫ НЕ ОЛАРДЫ АЛМАСТЫРАТЫН АДАМДАР** - қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстар, сондай-ақ, кейінге қалдыруға болмайтын, ауыр және аса ауыр қылмыстарға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;

➤ **БАС ПРОКУРАТУРА, ҰҚК, ІІМ МЕН ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ** – әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде үкіметтік және президенттік байланысты, шұғыл қызметтердің желілері мен байланыс құралдарын қоспағанда, уәкілетті органмен өзара іс-қимылда байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар мемлекеттік органдар.

БҰҒАТТАУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

- Бас Прокурор немесе оның орынбасарлары уәкілетті органға (қазір – цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне) байланыс желілерінің немесе құралдарының жұмысын, қызмет көрсетулерін уақытша тоқтату, интернет-ресурстарға немесе оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді доғару туралы талаппен заңның бұзылуын жою туралы нұсқама жолдайды,
- Уәкілетті орган нұсқаманы орындау бойынша шаралар қабылдау туралы талапты алған сәттен бастап бір сағат ішінде байланыс операторларына немесе мемлекеттік техникалық қызметке жібереді,
- Байланыс операторлары немесе мемлекеттік техникалық қызмет талапты үш сағаттан аспайтын уақыт ішінде орындауға міндетті,
- Егер желілерді қылмыстық мақсаттарда пайдаланған тұлға заңсыз ақпаратты өшіріп тастаса, онда ол бұл туралы уәкілетті органға хабарлама жібереді,
- Уәкілетті орган хабарламаны алып, оның дұрыстығын тексергеннен кейін байланыс операторларына және (немесе) мемлекеттік техникалық қызметке сайтты тоқтатпау туралы тапсырма береді. Байланыс операторлары және (немесе) мемлекеттік техникалық қызмет тапсырманы дереу орындауға міндетті.

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР:

Кейінге қалдыруға болмайтын және ауыр және аса ауыр қылмыстардың, сондай-ақ қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстардың жасалуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, оның орынбасарлары немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарының бастықтары не оларды алмастыратын адамдар кейіннен байланыс саласындағы уәкілетті органды және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып, жедел-ізвестіру қызметінің барлық субъектілерінің мүддесінде байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді тоқтата тұруға құқылы.

Сайттың Қазақстанда қолжетімді екенін тексеруге, сондай-ақ заңсыз ақпараттың таратылуына Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің сайтында шағымдануға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/report-internet-content?lang=ru>.



СОТТАН ТЫС ТӘРТІПТЕ САЙТТАРДЫ БҰҒАТТАУҒА НЕГІЗДЕР

БАЙЛАНЫС ТУРАЛЫ ЗАҢ:

- Байланыс желілері және (немесе) құралдары жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда;
- Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын бұзатын;
- Экстремистік және террористік әрекетті жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін;
- Кәмелетке толмағандарды сексуалдық қанауды және балалар порнографиясын насихаттайтын бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын;
- Кейінге қалдыруға болмайтын және ауыр және аса ауыр қылмыстардың, сондай-ақ қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстардың жасалуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;
- Қауіп немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындағанда, сонымен бірге, төтенше жағдай енгізгенде.

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АҚПАРАТ ТІЗІМІ

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ, БАҚ ПЕН ЖЕЛІЛІК БАСЫЛЫМ ЖҰМЫСЫН УАҚЫТША ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ:

- Пропаганда или агитация культа жестокости и насилия, соқатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу;
- Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету;
- Суицидті насихаттайтын;
- Терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату;
- Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттау;
- Порнографиялық және арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино және бейнеөнімдерін көрсету;
- Бұқаралық ақпарат құралын сайлау алдындағы үгіт жүргізу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыру шарттарын бұзу, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе қа-

тысудан бас тартуға мәжбүрлеу;

- Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы;
- Интернетте авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы.

СОТ ТӘРТІБІМЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛУЫН НЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ ӨНІМІНІҢ ТАРАТЫЛУЫН ТОҚТАТУҒА НЕГІЗДЕР:

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді;
- Оның тұтастығын бұзуды;
- Мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді;
- Соғысты насихаттау және үгіттеу;
- Экстремизмді немесе терроризмді насихаттау;
- Ұлтаралық және конфессияаралық өшпенділікті өршітуге бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату.



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚР БАЙЛАНЫС ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

41-1-бап. Байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын тоқтата тұру тәртібі.

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар.

13-бап. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру және тоқтату.



ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ





ӘЛЕУМЕТТІК, ҰЛТТЫҚ, РУЛЫҚ, НӘСІЛДІК, ТЕКТІК-ТОПТЫҚ НЕМЕСЕ ДІНИ АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУ

ҚР Конституциясының 20-бабына сәйкес, әлеуметтік, ұлттық, діни, нәсілдік, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді. Осы норманы жүзеге асыру үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 174-бабы қабылданды.

Онда әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік тиесілілігі белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау қарастырылған, егер бұл іс-әрекеттер жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты насихаттайтын әдебиетті немесе өзге де ақпарат жеткізгіштерді дайындау немесе тарату жолымен жасалса, –

174-баптың екінші бөлігінде адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған немесе бірнеше рет жасалған немесе күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен ұласқан, сол сияқты адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражат пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер туралы сөз болады.

Баптың үшінші бөлігі қылмыстық топ жасаған не ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттерге жауапкершілік көздейді.

БАПТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жауапкершілік егер ақпарат келесі жағдайларда тараған жағдайларда қарастырылады:

а) көпшілікке;

б) БАҚ немесе ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалану арқылы;

в) араздықты қоздыратын әдебиет және өзге ақпарат тасығыштар дайындау жолымен;

г) араздықты қоздыратын әдебиет және өзге ақпарат тасығыштарды тарату жолымен.



АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУ БЕЛГІЛЕРІ

ҚР Қылмыстық кодексіне комментарийден:

«Қылмыстың қоғамдық қауіптілігі әлеуметтік, ұлттық, діни, топтық, рулық және басқа араздықты қоздыру, азаматтардың ұлттық намысы мен беделін, діни сенімін қорлау, азаматтардың дінге, руға немесе өзге де тиесілілігіне байланысты кемсitudі, басымдық беруді, дінге қатысты толымсыздығын насихаттау ұлттар арасындағы достық және бейбіт қарым-қатынасқа кедергі келтіріп, халықтар арасында бейбішілік пен қауіпсіздікті бұзуымен анықталады.

АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУ ДЕГЕНІМІЗ түрлі ұлттар, рулар, нәсілдер, топтар, конфессиялар, әлеуметтік топтардағы азаматтар арасында дау туындату. Дау агрессиялы шабуыл, соққы жасау немесе қорқыту, қорқыту, жою немесе мүлкіне залал келтіру және т.б. түрде, немесе оқшаулау, тартып алу, олардың құқықтарын зорлық әрекеттер арқылы шектеу түрінде болуы мүмкін.

ӘЛЕУМЕТТІК ТОП – әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінің ортақтығымен сипатталатын адамдар ұжымы, немесе ортақ географиялық немесе әлеуметтік аумағы бар, ережелер, шығу тегі, қызығушылықтарының, т.б. ортақ болуына орай бірлескен, бірегей саяси билік пен басым мәдениетке бағынған адамдар ұжымы. Әр әлеуметтік топқа тәртіп ережелері, соның ішінде түрлі байланыс сипатына негізделген тілдік нормалары тиесілі.

ҰЛТ – белгілі бір аумақта, алайда экономикалық және мәдени байланыстар негізінде қалыптасқан, тілі, мәдениеті және ұлттық мінез-құлқында айырмашылық бар тарихи қалыптасқан адамдар қауымдас­тығы.

РУ – бір атадан тараған, ортақ ру атауы бар, туысқандар тобы. Бұл жерде заңнама қазақ халқының құрамындағы үш жүзге кіретін және кірмейтін руларды меңзейді.


НӘСІЛ – шығу тегі ұқсас, ортақ мұрагерлік белгілері бар адамдардың тарихи қалыптастан тобы.

АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУ БЕГІЛЕРІ

ТОП (ТЕК) – салт-дәстүрлермен немесе заңдармен бекітілген, өздерінің мұрагерлік құқықтары мен міндеттемелері бар, өздігінше құқықтық ережелерімен ерекшеленетін әлеуметтік топ, топ.

ДІН – әлемнен жоғары жаратылыстың барына, моральдық нормалар мен тәртіп, әдет-ғұрып, әрекеттерді қоса алғанда үлкен күштердің әлемді басқаруы, сенімге байланысты әлемді түсінудің ерекше формасы және адамдардың ұйымдарға бірлесуі.

АЗАМАТТАРДЫҚ ТОЛЫМСЫЗ ЕКЕНІН НАСИХАТТАУ – азаматтардың дінге қатынасына, сонымен бірге, топтық-тектік, ұлттық, рулық және нәсілдік тиесілілігіне байланысты кемсітушілік бағалардың таралуы.



ЖАУАПКЕРШІЛІК

Араздықты қоздыру 2000-нан 7000-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салуға не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Баптың екінші бөлігіне сәйкес, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Және үшінші бөлігіне сәйкес, белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған.

ЭКСТРЕМИЗМ ДЕГЕН НЕ?

Экстремизм - айырықша көзқарастар мен шараларға бейімділік. Заң бойынша экстремизм – ұйым және (немесе) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігінің келесі экстремистік мақсаттарды көздейтін әрекеттерді ұйымдастыруы және жасауы:

Экстремизм түрлері:

- СЯСИ
- ҰЛТТЫҚ
- ДІНИ

Саяси экстремизм – конституциялық құрылымды, ҚР егемендігінің тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және оның аумағының ажырамастығын күштеп өзгерту, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің қорғаныс қабілетін, билікті күштеп басып алу немесе билікті күштеп ұстау,

заңсыз әскери құрылымдар құру, оған жетекшілік ету және қатысу, қарулы бүлік ұйымдастыру және оған қатысу, әлеуметтік, тектік-топтық араздықты қоздыру.

Ұлттық экстремизм – нәсілдік, ұлттық және рулық араздықты, соның ішінде зорлықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты қоздыру.

Діни экстремизм – діни дұшпандықты немесе араздықты қоздыру, соның ішінде зорлықпен немесе зорлыққа шақырумен байланысты, сонымен қатар азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, ұнамдылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану.



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАТЫСЫ БАР ҚЫЛМЫСТАР

174-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру.

180-бап. Сепаратистік әрекет.

182-бап. Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу.

183-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарында экстремистік материалдарды жариялауға рұқсат беру.

404-бап. Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКС

453-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату.



МЕДИАДАҒЫ БАЛАЛАР





ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

УБарлық балалардың да, ересектердікіндей, өз бейнесі мен дербес мәліметтерді қорғауға құқықтары бар. Балалармен интервью, фото және видеотүсірілім жүргізгенде ата-анасымен немесе заңды өкілдерімен келісіп алған жөн, өйткені, «Неке және отбасы туралы» Заңға сәйкес (71-бап), ата-ана баланың заңды өкілі болып саналады және кез келген жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынаста оның құқықтары мен мүдделерін, соның ішінде арнайы құзырсыз сотта да қорғай алады.

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Заңға қайшы әрекет (әрекетсіздіктер) нәтижесінде зардап шеккен балалар және күдіктілер және (немесе) әкімшілік құқықбұзушылық жасады деп айыпталғандар.

БОЛМАЙДЫ:

- БАҚ-та немесе телекоммуникация желілерінде мұндай баланың дербес және биометрикалық мәліметтерін, соның ішінде оның ата-анасы мен өзге де заңды өкілдері, жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге ақпараттарды таратуға.

БОЛАДЫ:

- егер кәмелетке толмаған адамды сот ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыс жасады деп таныса, сонымен қоса ата-анасы мен оның өзге заңды өкілдері туралы ақпарат.
- заңға қайшы әрекеттің (әрекетсіздіктің) нәтижесінде зардап шеккен кәмелетке толмағанның, 14 жасқа толғанның және оның заңды өкілдерінің рұқсаты болса.

- заңға қайшы әрекет (әрекетсіздік) нәтижесінде зардап шеккен кәмелетке толмағанның, 14 жасқа толмағанның заңды өкілдерінің рұқсаты болса.

- әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған, 16 жасқа толған адамның және оның заңды өкілдерінің рұқсаты болса.

- егер мәселе қылмыстық процесті жүргізетін органдардан алынған ақпараттың БАҚ-та таралып жатқаны туралы болса (қылмысты тергеуге ықпал ету, жасалған қылмысқа қатысы бар адамдарды анықтауға, аталған мақсаттарға жетуге қажетті көлемде жоғалған кәмелетке толмағандарды іздестіру мақсатында).

- егер зардап шеккен кәмелетке толмағанның заңды өкілінің бірінің келісімі болса, егер екінші заңды өкілі ҚР аумағынан тыс жерде болса және оның келісімін алу мүмкін болмаған жағдайда.

- егер заңды өкіл кәмелетке толмаған адамға, 14 жасқа толған адамға қатысты заңға қарсы әрекетке қатысы күдікті немесе айыпты болса, немесе оның заңды өкілдері.

Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік:

- Жеке тұлғаларға айыппұл – 5 АЕК;

- Лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 25 АЕК;

- Орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 100 АЕК.

Әкімшілік өндіру салынғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған жағдайда, -

- Жеке және лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілері мен коммерциялық емес ұйымдарға – 50 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК;

- Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 200 АЕК.

ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

14-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін тарату.

25-бап. Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.



АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ





ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Авторлық құқықпен не қорғалған?

Журналистік мақалалар, жарияланымдар, сюжеттер, бағдарламалар, фильмдер, интервью, зерттеулер, барлық журналистік шығармашылық, фотографтардың, операторлардың, телевидениедегі дыбыс режиссерлерінің, сценарийшілердің шығармашылығы, т.б.

Сіздің фамилияңыз бен бүркеншік есіміңіздің көрсетілуі - авторды көрсету-көрсетпеу құқығыңызды қорғау. Сіз қаламақы аласыз - бұл сіздің авторлық сыйақыңыз. Егер сіз мақалаңыздың сіздің рұқсатыңызсыз көшіріліп басылғанын көрсеңіз, бұл сіздің автор ретінде авторлық құқығыңыздың бұзылғаны.

Авторлық құқықпен не қорғалмаған?

Тәулік жаңалығы немесе қарапайым баспасөз ақпараты сипатындағы түрлі оқиғалар (жаңалықтар лентасы, жаңалық бағдарламасы немесе сюжеттер, қысқа жаңалықтар, баспасөз парақтары, баспасөз анонстары, телеарнадағы жаңалықтардың жүгіртпе жолдары, жаңалықтардың кез келген формада жеткізілуі, күн оқиғасы).

Сіз қандай да бір БАҚ-та жұмыс істеу жөнінде шешім қабылдасаңыз, келісімге отырасыз және өзіңіздің авторлық құқығыңыздың бір бөлігін БАҚ редакциясына және меншік иесіне қаламақы мен жалақы орнына бересіз. Бұл келісімшартта көрсетілуі немесе көрсетілмеуі, алайда сіз фамилияңызды көрсетуді не көрсетпеуді, өзіңізді автор ретінде көрсетуді не көрсетпеуді талап етуге құқылысыз; егер мәтін адам танымастай өзгертілсе және мағынасы жоғалса, сіз әрқашан өз фамилияңызды алып тастауды талап ете аласыз және т.б. Сіз редактордан мәтініңіздің өзге жерде көшіріп басылғанын және сіздің авторлық құқығыңызды қорғауды немесе өз бетіңізбен әрекет етуге құқылысыз.

ФОТОНЫ БАСПАСӨЗДЕ ҚОЛДАНУ

Авторлық құқық нысанын автордың рұқсатымен және авторлық сыйақы төлеу арқылы немесе міндетті түрде авторын және алған жерді көрсете отырып пайдалануға болады.

Цитата пайдалану.

Сіз фото мен бейнені, сонымен бірге, мәтінді де цитата ретінде пайдалана аласыз. Цитата ретінде қолданатын мәтін көлемін немесе бейнені өзіңіз анықтайсыз, алайда көшірілетін мәтін мен бейненің көлемі ақылға қонымды шамадан тыс артып кетпейтінін қадағалаңыз.

Шолулар.

Шолу үшін де цитата көлемін шолу жасайтын адамның өзі анықтайды.

Иллюстрация ретінде қолдану.

Бұрын жарияланған мәтін немесе бейненің бөлігі ақылға қонымды мөлшерде иллюстрация ретінде қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайда гиперсілтеме немесе алған жерге сілтеме көрсетуді ұмытпау керек.

Фотоны баспасөзде қолдану үшін, фотографқа міндетті түрде штатта немесе қандай да бір БАҚ-та жұмыс істеудің қажеті жоқ. Фотоны баспасөзде қолдану үшін қаламақы төленеді. Авторлық міндетті түрде көрсетіледі.

Фотографтар өз туындыларының заңсыз таралуын білуі үшін арнайы <https://www.copytrack.com/> секілді ресурстар бар.

Фотобанктерден суреттерді және бейнелерді қолданар алдында міндетті түрде фотобанктің әрқайсысының лицензиялық келісім-шартымен, шарттарымен және шектеулерімен танысып алыңыз.

Сіз суретті жария еттіңіз, сол кезде авторы пайда болғанда не істей аласыз?

- авторлығын растайтын дәлелдеме көрсетуін сұраңыз;
- егер сізге жолыққан адамның нақты фотоларға авторлығы даусыз екенін түсінген болсаңыз, суретті немесе бейнені заңсыз пайдаланғаныңызды ұққан болсаңыз, онда дауды сотқа дейін реттегеніңіз жөн.

МАҢЫЗДЫ!

Есіңізде болсын, суреттерді сайттан алып тастасаңыз, автор өзінің авторлық құқығын қорғау үшін жеткілікті қорғау шарасы ретінде қарастырмауы мүмкін.

Суреттегі **су белгісі** автордың бар не жоқ екенін білдірмейді. Бұл суретті заңсыз көшіруден қорғау амалдарының бірі, бірақ, авторлық құқықты қорғау белгісі емес.



ТЕЛЕВИДЕНИЕДЕГІ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Авторларда, сценарийшілерде, операторларда және өзге де аудиовизуал материал жасаушыларда сабақтас құқықтар пайда болады. Мұндай материал құрамдас шығарма болып есептеледі, сәйкесінше, әркімнің өзінің авторлық сыйақы үлесіне құқығы бар. Телевидение мен радиода қызмет ететіндердің, газет редакциясындағы журналистер секілді өздерінің мүлкітік құқықтарын телеканал немесе продакшн-студияларға беріп, орнына қаламақы алады.

Алайда, жеке мүлкітік емес құқықтарді беруге болмайды, сондықтан, біз үнемі аудиовизуал өнім шығарғандардың барлығының фамилиялары мен есімдерінің титрларын көреміз.




БЕРН КОНВЕНЦИЯСЫ

Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы кепіл береді, егер:

- ✓ **Егер сіз жеткізу формасы мен әдісіне қарамастан, кез келген өнімді ойластырып және шығарған болсаңыз, сіз авторсыз және сіздің құқығыңыз сенімді түрде қорғалған.** Тек сіз ғана өзіңіздің туындыңыздың кез келген формада қолданылуына: өзге тілдерге аударылуына және дубляждауына, түрлі орындалуына, сіздің туындыңыздың ТВ арқылы таралуына, жинақ, энциклопедия, антология, музыкалық туындының аранжировкасына және т.б. рұқсатыңызды бере аласыз.
- ✓ **Сізге мүліктік емес құқықтарыңыздың қорғалуына кепіл беріледі:** сіздің авторлығыңыздың көрсетілу құқығы, бүркеншік есім қолдану құқығы, жария ету құқығы, құқық. Егер сіздің шығармаңыз бұрмаланса немесе автор ретінде сіздің беделіңізге нұқсан келтірілген болса, сіз өзіңіздің авторлық құқықтарыңызды кез келген қолжетімді жолдармен қорғай аласыз.
- ✓ **Әдеби және көркем шығармаларды шығара отырып, сіз кедей жағдайда болмайтыныңызға кепіл беріледі.** Іс жүзінде туындыңызды кез келген түрде қолданғаны үшін еңбекақы төленеді, демек, сіз ақшалай сыйақы алуыңыз керек. Бұл сіздің автор болуыңызды және жаңа әдеби, көркем шығармалар шығаруыңызды ынталандырады.
- ✓ **Автор болу экономикалық тұрғыда тиімді болуы керек,** авторлық құқықты ұлттық заңнама осылай реттеуі керек.

- ✓ Сіздің автор болып, шығарма шығарғаныңыз үшін сіз ғана емес, сіздің балаларыңыз бен балаларыңыздың балалары табыс көретініне кепіл беріледі.
- ✓ Өз шығармаңызды қалай және қайда пайдаланатыныңызды анықтау құқығыңызға кепіл беріледі, бұл автордың мүлкітік емес құқығына жатады. Шығармаңызбен не істейтініңіз өз қарауыңызда, оны шығарамыз ба, жоқ па, өзге тілдерге аударасыз ба, аудармайсыз ба, қайда жария етесіз, қай уақытта, көпшілік орындалуына рұқсат бересіз бе, жоқ па, т.б. өзіңіз қарайсыз. Егер онымен айналыса алмасаңыз, онда өзгеге - ұйым немесе адамға, мысалы, баспаға өзіңіздің авторлық мүлкітік құқықтарыңыздың бір бөлігін бере аласыз. Мұқият авторлық келісімшарт бойынша, нақты белгіленген сомаға, нақты келісілген уақытқа.
- ✓ Сіздің құқықтарыңыздың кез келген заңсыз қолданылуына жол берілмейтініне, ақшалай, сонымен бірге, қылмыстық шара қолданылу арқылы жазаланатынына кепіл беріледі. Автор қайда мекендесе де, кім оның құқықтарын бұзса да, бұл шаралар үнемі қолданылады.



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚР АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

6-бап. Авторлық құқық объектісі. Жалпы ережелер.

7-бап. Авторлық құқықтық объектісі болатын туындылар.

8-бап. Авторлық құқықтың объектісі болмайтын туындылар.

9-бап. Авторлық құқықтың туындауы. Авторлық презумпциясы.

13-бап. Аудиовизуал туындыларға авторлық құқық.

14-бап. Қызметтік туындыларға авторлық құқық.

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ СОТТАРДЫҢ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ЗАҢ НОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІ ҚАУЛЫСЫ



МЕДИАДАҒЫ ЖАРНАМА





ЖАРНАМА ДЕГЕНІМІЗ НЕ

Жарнама - кез келген құралдардың көмегімен кез келген нысанда таратылатын және (немесе) орналастырылатын, белгілі бір адамдар тобына арналмаған және жеке немесе заңды тұлғаға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге ықпал ететін ақпарат.

Тауардың және қызметтің жарнамасында бағаны теңгемен көрсету керек.

Егер лицензияландырылатын қызметті жарнамаласаңыз, лицензияның нөмірін және лицензия берген органның атауын көрсету қажет. Бұл ереже радиодағы жарнаманы қоспағанда, БАҚ-тың барлық түріне қолданылады.

МАҢЫЗДЫ!

БАҚ жарнаманы, жарнамасы бар материалдар мен олардың көшірмелерін, оған кейін енгізілген өзгертулерді қоса алғанда, соңғы тарату, орналастырудан кем дегенде бір ай сақтауы керек.

ТВ ЖӘНЕ РАДИОДАҒЫ ЖАРНАМА

Жарнама көлемі жалпы таратылатын хабардың 20%-ынан аспауы тиіс.

Егер сіздің арна немесе радио ақпараттық-сараптамалық, іскерлік, балалар немесе ғылыми бағытта болса, онда жалпы жарнама

көлемі тәуліктегі таратылатын хабардың 20%-ынан аспауы тиіс. Бұл көлемге жүгіртпе жол, әлеуметтік жарнама, теле-, радиоканалдардағы үшінші тараптың жарнамасынсыз өз өнімдері туралы ақпарат, теле-, радиоканалдар дайындаған және өткізетін шаралар туралы хабарландырулар, сонымен бірге, тікелей эфирде көрсетілетін немесе тікелей эфирдің қайталауында көрсетілетін оқиға орнында орналастырылған жарнама есептелмейді.

Прайм-таймдағы жарнама көлемі – 20%-дан аспауы тиіс. Тәулігіне жарнама таратудың жалпы көлемінде жарнама-ның жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі уақыт кезеңіндегі жалпы ұзақтығы хабар тарату уақытының бір сағаты ішінде жиырма пайыздан артық болмауға тиіс.

Қазақ тіліндегі жарнама көлемі - теле-, радиоарналардағы қазақ тіліндегі жарнаманың жергілікті уақытпен сағат нөлден бастап есептелетін, әрбір алты сағат сайынғы уақыт аралығындағы көлемі басқа тілдерде таратылатын жарнаманың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

Телесауда көлемі – жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылмаған телеарналардағы телесауда тәулігіне жарнама таратудың жалпы көлемінің отыз пайызынан артық болмауға тиіс. Тек қана жарнама сипатындағы хабарларға мамандандырылған теле-, радиоарналардағы телесауда көлемі шектелмейді.

Әлеуметтік жарнама көлемі – күніне 10 шығарылымнан кем емес (міндетті телеканал эфирінде). Әлеуметтік жарнама Қазақстан Республикасының аумағында қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдерде эфирге оның күн сайынғы шығатын барлық уақыты бойы біркелкі таратылады.

«Жүгіртпе жол» өлшемі – кадр ауданының 7,5%-ынан аспау керек. «Жүгіртпе жол» хабардағы көрнекі контентті немесе ақпаратты қабылдауға кедергі болмауы керек.

Жарнама дыбысы – таратылатын бағдарлама дыбысынан жоғары болмауы керек.

ҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ ЖАРИЯЛАНҒАНДА ТЕЛЕ-, РАДИОКАНАЛДАРДА ЖАРНАМАҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

БАСПАСӨЗ БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ЖАРНАМА

Мерзімді баспасөз басылымдары жарнаманы, оның тақырыбын дербес айқындайды. Жазылу арқылы таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары жазылу шарттарында басылымның тақырыптық бағытын көрсетуге міндетті. Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлікте бекітілген тілде орналастырылады.

ИНТЕРНЕТТЕГІ ЖАРНАМА

Жарнаманы желілік басылымдар, БАҚ сайттары, ақпарат агенттіктеріне орналастырған жағдайда, баспасөз басылымдарына қолданылатын ережелер қолданылады – тілі, тақырыбы және көлемін редакция өз бетінше анықтайды.

ЖӨНСІЗ ЖАРНАМА

Қазақстан Республикасының заңымен жарнамалауға тыйым салынған тауарлар жарнамасы, егер мұндай жарнама тауар белгісі немесе қызмет көрсету белгісі жарнамалауға тыйым салынған тауардың тауар белгісімен немесе қызмет көрсету белгісімен айырғысыз дәрежеде бірдей немесе ұқсас басқа тауарды жарнамалау түрінде, сондай-ақ осындай тауарды дайындаушыны немесе сатушыны

жарнамалау түрінде жүзеге асырылса, жарнама **жосықсыз жарнама** болып табылады.

Жөнсіз жарнама - мазмұнына, уақытына, таратылу, орналастырылу орнына және тәсіліне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуына жол берілген жосықсыз, дәйексіз, әдепсіз, көрінеу жалған және жасырын жарнама.

Дәйексіз – бұрмаланған жарнама (қасақана немесе қасақана емес), яғни, тауарлар мен қызметтер, кепіл мерзімі, қолдану нәтижелер, статистикалық ақпарат, сауалнама қорытындылары, т.б. туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтер, сипаттамалар.

Әдепсіз – қорлайтын лексикасы немесе өзгелердің діни символы, валютасы, символы, мәдениет, өнер нысандары және тарихи ескерткіштеріне нұқсан келтіретін ақпараты бар жарнама.

Көрінеу жалған – жарнама беруші тұтынушыны қасақана шатастыратын жарнама.

Жасырын – тұтынушылардың радио-, теле-, видео-, аудио- және кино өнімдерін саналы қабылдауына әсер ететін, сонымен бірге, арнайы видео үзік, екі реттік дыбыс жазбасы және тағы басқа жолдарды қолдану арқылы әсер ететін жарнама.

Жарнама ұсынылу кезінде арнаулы білімсіз немесе арнайы құралдарды қолданбай танылатын және ақпараттардың өзге түрлерінен өзгеше болуға тиіс.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМА

Белгіленген шектеулер мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайды. Әлеуметтік жарнамада әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдар туралы, егер осы жарнаманың мазмұны осындай коммерциялық емес ұйымдардың қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, айтуға жол беріледі.

БАҚ-ТА НЕНІ ЖАРНАМАЛАУҒА БОЛМАЙДЫ

- Этил спирті және алкоголь өнімдері;
- Темекі және темекі өнімдері;
- Ана сүтін алмастырғыштар;
- Қызметтік және азаматтық қару, сонымен бірге, қарулану, әскери техника және екінші рет қолданылатын өнімдер (көрмелер мен арнайы басылымдарға рұқсат етіледі);
- Қаржылық (инвестициялық) пирамидалар;
- Электронды және интернет-казино;
- Бекітілген жобалау құжаттарындағы тұрғын үйлер классификациясына сәйкес келмейтін салынып жатқан және қолдануға берілген тұрғын үйлерді;
- Тіркелмеген діни бірлестіктер және рухани білім беру ұйымдары;
- ҚР «Техникалық реттеу туралы» Заңда көрсетілген жергілікті талаптарға сәйкестігі бекітілмеген тауарлар;
- Танымал алкоголь өнімдері, темекі және темекі өнімдері екенін тікелей немесе жанама білдіретін тауар белгілері, олардың элементтері немесе атаулары;
- Алкоголь өнімдері, темекі және темекі өнімдеріне сұраныс және қызығушылықты ынталандыруға бағытталған шаралар, оның ішінде жүлде, лотореялар ойындары да бар.

АРНАЙЫ ШЕКТЕУЛЕР

Дәрілік заттар, биологиялық белсенді қоспалар, медициналық техника жарнамасы

Дәрілік заттар және ББҚ ҚР аумағында тіркеліп, пайдалануға рұқсат етілуі керек. Дәрілік құралдар мен медициналық өнімдерді жарнамалау үшін заңнама талаптарындағы жарнамаға сәйкестігі тексерілуі керек, яғни, арнайы рұқсат керек. Мұндай тексерісті денсаулық сақтау саласындағы сарапшы ұйымдар жүргізеді, ал оны жарнамалау үшін тексеріске бастаманы БАҚ редакциялары емес, жарнама материалдарына рұқсат алу мақсатында жарнама берушілер көтеруге тиіс.

Дәстүрлі медицина жарнамасы

Дәстүрлі медицинаға гомеопатия, гирудотерапия, мануальды терапия, рефлексотерапия, фитотерапия және табиғи текті құралдармен емдеу жатады. Лицензия нөмірі, берілген күні және осы қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия берген орган атауы көрсетілуі керек.

Халық медицинасы (емшілік)

Бұл емдік құралдар, сонымен бірге емдік және гигиеналық әдістер мен дағдылар, және денсаулық сақтау, аурулардың алдын алу және емдеу туралы олардың іс жүзінде қолданылуы туралы халық жинаған эмпирикалық мәліметтер жиынтығы. Егер халық емшісінің лицензиясы болатын болса, оның нөмірі мен берілген уақыты көрсетілуі керек. БАҚ арқылы жаппай ем сеанстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қаржы, банктік, инвестициялық және сақтандыру қызметтері жарнамасы

Мұндай жарнамада келісімшартта көзделген мәнді шарттарды

жасыруға, кіріс алуға кепіл беру және дивиденд мөлшерін көрсетуге, эмиссияны тіркемей бағалы қағаздарды жарнамалауға тыйым салынады. Жеке адамдарды табыс табуға шақыратын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне немесе осы кәсіпорын қызметіне өзгелерді тартуға немесе осы кәсіпорын тауарларын сатып алуға итермелейтін жарнамаға тыйым салынады. Тұтыну кооперативі жарнамасы ретінде салымшыларына баспана беруді жарнамалау арқылы қауіпті және алаяқтық схеманы ұсыну БАҚ үшін қиындық туындатады.

Ойын орындарындағы жарнама

Қазақстанда казино, ойын автоматтары залдары, букмекер кеңселері, тотализаторлар қызметіне рұқсат берілген. Олардың қызметі лицензияландырылуы керек, сондықтан лицензияның нөмірі, берілген күні және осындай лицензия берген органның атауы көрсетілу керек.

ОЙЫН БИЗНЕСІНІҢ (ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАРНАМАЛАРЫ) КЕЛЕСІ ФОРМАЛАРЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- электронды казино және интернет-казино;
- ставка қабылдау және (немесе) ақшадан бөлек ұтысты беруді қарастыратын құмар ойындар (казиноларды қоспағанда) ұйымдастыру және өткізу;
- заңмен қарастырылмаған орында кәсіпкерлік мақсаттарда ойын бизнесін орнату және пайдалану;
- пари ойнату, ставка қабылдау (есептеу), ойын мекемелерінен тыс жерлерде ұтыс беру;
- пари ойнату, ставка қабылдау (есептеу), тотализатор немесе букмекерлік кеңсені жүзеге асыратын ойын бизнесінің ұйымдастырушысы емес адамдардың ұтысты беруі.

Бос орындар жарнамасы

БАҚ-та кемсітушілік сипаты бар талаптар болатын жұмысқа қабылдау жөнінде ақпарат жариялауға тыйым салынады (шығу тегі, әлеуметтік, қызметтік және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатынасы, нанымы, тұрғылықты мекені, жасы немесе дене кемшіліктері, сонымен қатар діни бірлестіктерге қатысына байланысты).

ЖАРНАМАДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ӘЙЕЛДЕР

Жарнамада жол берілмейді:

- ата-аналардың, тәрбиешілердің, педагогтардың беделін төмендету, оларға кәмелетке толмағандардың сеніміне күмән келтіру;
- жарнама жасалған өнімді ата-анаға немесе өзге адамдарға сатып алуға итермелейтін ұсыныс;
- кәмелетке толмағандарға қандай да бір өнімге басымдық беру, сонымен бірге, ондай өнімнің жоқтығына басымдық беру кері әсер етуі мүмкін;
- кәмелетке толмағандарды қауіпті орындар мен жағдайларда көрсететін (алдын алу мақсаты ақталмаған жағдайда) жарнамада мәтін, көрнекілік немесе дыбыстық ақпаратты орналастыру;
- өздеріне қатысы жоқ тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) қатысы жоқ жарнамаларда (әлеуметтік жарнамаларды қоспағанда) кәмелетке толмағандардың образын көрнекі немесе дыбыстық пайдалану;
- өнімді пайдалану нәтижелері көрсетілген немесе сипатталғанда кәмелетке толмағандарда өнімді пайдалану үшін қажетті дағдының қажетті деңгейін төмендету;
- кәмелетке толмағандарда өнім бағасы туралы бұрмаланған көрініс қалыптастыру, сонымен бірге, жарнамаланатын өнімнің кез келген отбасы бюджетіне қолжетімді екендігін тікелей немесе жанама көрсету.

БАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ДАУЛЫ КЕЗЕҢДЕР

Жарнама таратушы жарнаманы тарату, орналастыру уақыты, орны және әдістеріне қатысты талаптарды бұзғаны үшін жауапқа тартылады.

Жарнама беруші жарнама безендіру немесе өндірісіне қатысты заңнама ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік арқалайды. Жарнама бойынша өзге де талаптарға сәйкестілігіне (тілі, мазмұны) жарнама беруші жауапты.

БАҚ өзін мүмкін болатын айыптаулар мен келіспеушіліктерден қорғау мақсатында жарнама берушіден қосымша ақпарат (лицензиялар, түрлі рұқсаттар, сәйкестілік сертификаттары) сұратуға құқылы. Егер сұрау салынған ақпаратты ала алмаса, БАҚ жарнамалық келісім-шартты бұзуға құқылы.

Жарнама толық немесе ішінара авторлық және сабақтас құқықтар нысаны болуы мүмкін. Сондықтан сіздің жарнаманы заңсыз көшірген жағдайда сіз сотқа жүгіне аласыз (**ҚР «Авторлық және сабақтас құқық туралы» Заң**).




Егер сот немесе құзырлы уәкілетті орган жөнсіз жарнама дерегін анықтаса, бұзушылыққа жол берген адам міндетті түрде мұндай жарнаманың таралуына, орналастырылуын дереу тоқтатып, жоққа шығару жөнінде мәлімдеме жасауы керек. Жоққа шығару жөнінде барлық шығынды бұзушылыққа жол берген тарап өтейді.

БАҚ-ТАҒЫ ЖАРНАМА МОНИТОРИНГІ

Жарнама туралы Заң талаптарын бақылауды мемлекеттік құзырлы орган (Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі) жүзеге асырады.

ПРОЦЕДУРА:

- Мемлекеттік орган БАҚ редакцияларына бұзушылықтарды анықтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды қалпына келтіру жөнінде ұсыныс жасайды,
- БАҚ редакциясы ұсынысты қабылдаған күннің ертеңінен бастап он күн жұмыс ішінде қарастырады,
- Егер БАҚ редакциясы бұзушылықты мониторингі барысында анықталған жайтпен келісетін болса, онда оны жояды,
- Келіспеген жағдайда редакция ұсынысты қабылдаған күннің ертеңінен бастап құзырлы органға келіспеушілігін жолдайды.



ЗАҢ ШЫҒАРУ БАЗАСЫ

ҚР ЕҢБЕК КОДЕКСІ

6-бап. Еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу.

ҚР ЖАРНАМА ТУРАЛЫ ЗАҢ

3-бап. Негізгі түсініктер.

5-бап. Жарнамаға авторлық құқық және сабақтас құқықтар.

6-бап. Жарнамаға жалпы талаптар.

7-бап. Жөнсіз жарнама түрлері.

8-бап. Теле-, радиоканалдардағы жарнама.

9-бап. Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама.

10-бап. Кино, бейне және анықтамалық қызмет көрсетудегі жарнама.

15-бап. Жарнама жасау, тарату, орналастыру кезінде кәмелетке толмағандарды қорғау.

17-бап. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу.

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ

14-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін тарату.

МІНДЕТТІ ТЕЛЕ-, РАДИОКАНАЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАР ЖАРНАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ДӘРІЛІК ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ӨНІМДЕР ЖАРНАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



